Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

ӨРКЕН

№10 (925) 30 қараша 2016 жыл

Көсемсөз

Ақ Жайықтан шыққан Ақтаңгер

Кезінде ұлы Мұхтар Әуезовтің шәкірті болған Шыңғыс Айтматов «Рахымжан – интеллектуалды қазақ прозасының XXI ғасырдағы озық ойлы өкілі» деп баға берген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Айтматов» академиясының академигі, жазушы-драматург Рахымжан Отарбаев шығармашылығына арналған 24 қарашада өзі білім алған қазіргі М.Өтемісов атындағы біздің университетімізде «Қазіргі әдебиеттану, тілтану мәселелері және жазушы-драматург Рахымжан Отарбаев шығармашылығы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Аталмыш университет ректоры, академик Асхат Иманғалиев: «Дарынды жазушы Рахымжан Отарбаевқа осыдан 10 жыл бұрын Атырау университетінде ректор болып тұрғанымда «Құрметті профессор» тәжін өз қолыммен кигізген едім, ал енді, міне, алпыс жасында «БҚМУ-дың Құрметті профессоры» атанып, жанымда тұр»,- деп атап өтті. Конференцияға қатысқан Орал қаласының әкімі Нариман Төреғалиев құттықтау сөз сөйлеп, Жайық жұртшылығы атынан Алғыс хат табыс етті.

Қазақстан Жазушылар Одағының Орал қаласындағы филиалының төрайымы Ақұштап Бақтыгереева Рахымжан Отарбаевтың ешкімге ұқсамайтын өз қолтаңбасымен ерекшеленетіндігі туралы баса айтты. Ғасырлар қойнауынан Бейбарыс сұлтанды, Мұстафа Шоқайды, Шыңғыс ханды, Жәңгір ханды суырып алып, драматургия тілімен сөйлету ерлікке тән екендігіне баса назар аударды.

Әрқашан да өз шәкірттерімен мақтанатын ардагер-ұстазымыз Меруерт Жолдықайырованың сөздері естелікке толы болды. Бұған себеп – Рахымжан Отарбаевқа куратор болуы. 1973 жылы ол кездегі Гурьев облысының Теңіз аудандық орта мектебін бітіріп келген Рахымжан Отарбаев Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, студент атанды. Меруерт апайымыздың айтуы бойынша, топта 25 студенттің 4-і жігіт болғандығы, сол төртеудің апайларымен сахнаға бірге

көтерілді конференцияның жүру барысына үлкен әсер берді. Сол кезде-ақ болашақ жазушының қырлары байқалғандығы, Рахымжан Отарбаевтың өлең, мақала жазғандығы, «Қазақ» радиосында диктор болғандығы туралы айтып өткен күндерге шегініс жасалды.

Республикалық конференцияның модераторы, профессор Абат Қыдыршаев, ғылым кандидаты, қауымдастырылған профессор Рита Сұлтанғалиева жазушының драмалық шығармаларына жан-жақты талдау жасады.

Конференцияның соңында жазушының өзі ағынан жарылып, 17 жасында осы институтқа келсе, бүгінгі таңда үлкен жазушы, қоғам қайраткері атанғандығына осы университеттен алған білімі мен тәрбиесі үшін шын ниеттен алғысын айтты. Өзінің жазып жүрген шығармалары жайында ой толғаныстарымен бөлісті.

Гүлнұр ИСМАГУЛОВА,
ҚТӘ, 2-курс магистранты

Жыл қортындысы

«БҚМУ ЖҰЛДЫЗЫ - 2016»

2016 жылдың 25 қарашасында М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоратының қолдауымен, студенттік өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «БҚМУ ЖҰЛДЫЗЫ - 2016» студенттер сыйлығын табыстауға арналған салтанатты шара өтті.

Байқау М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дағы мемлекеттік жастар саясатын кеңінен насихаттау және жүзеге асыру, студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттыру, олардың арасында көшбасшыларды анықтау, университеттің қоғамдық өмірінде белсенділігімен танылған студенттерді ынталандыру және марапаттау мақсатында өткізілді. Байқауға құжаттар жеке тұлғалардың өтінішімен және факультет деканының ұсынысына сәйкес 20 қазаннан бастап 20 қарашаға дейін қабылданды.

Салтанатты шарада алдымен оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Жүсіпқалиева Ғалия Хайдарқызы құттықтау лебізін білдірді. Шараға Батыс Қазақстан облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Аян Қажимерұлы Сакошев арнайы қатысып, студенттердің оқу мен еңбектеріне сәттіліктер тілеп, «Үздік жасыл ел сарбазы» аталымының жеңімпазын құттықтап, арнайы сыйлық табыс етті.

Одан соң жастар қозғалысының дамуына, университеттің саясаты мен қоғам өміріне белсене араласып, зор үлес қосқан көшбасшылар, әр салада өз мамандығының майталмандары анықталды.

Марапаттау рәсіміне М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Даришева Түймеш Малбағарқызы; Ұлыбритания, Гилфорд қаласы Сюррей университетінің түлегі, «Аудармa ісі» мамандығының магистрі Есбергенова Гульнар Исамадиқызы; мәдениет және өнер факультетінің деканы Исатаев Мейрам Исатайұлы; Самбо күресінен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, КСРО спорт шебері, Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері Жұбанышқали Садырұлы Жәрдемов; «Өркен» газетінің редакторы Марта Орынбасарқызы Джумагалиева; БҚОФ «Жас Отан» ЖҚ төрағасы Жолдасқалиев Нұрғали Қаршығаұлы; ақпаратттық технологиялар орталығы жетекшісінің орынбасары Мухамбеткалиев Миржан Мухамбетұлы; тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімнің жетекшісі Альфия Сырымқожақызы қатысып, 12 аталым иегері, 24 дипломант бойынша марапаттады.

Үздік студент - Ырысгүл Қатарова, тарих, экономика және құқық факультеті, «тарих» мамандығының 4-курс студенті. **Жас көшбасшы** - Нұрбол Қырықбаев, физика-математика факультеті, «информатика» мамандығының 4-курс студенті, физика-математика факультетінің студенттік деканы. **Жас ғалым** - Ақсана Жұмабева, филология факультеті, «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті, 2016-2017 оқу жылында Н.Н.Назарбаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері. **Үздік пікір-сайысшы** - Ақерке Шайхы, тарих, экономика және құқық факультеті, «аймақтану» мамандығының 2-курс студенті. **Жас тілші** - Мөлдір Латифова, филология факультетінің «қазақ тілі мен әдебиеті»мамандығының 4-курс студенті. **Үздік жасыл ел сарбазы** - Айнагүл Тәжімұхан, жаратылыстану-география факультеті, «органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының 3-курс студенті. **Үздік ерікті** - Айнұр Қауышева, тарих, экономика және құқық факультеті, «құқық және экономика негіздері» мамандығының 3-курс студенті. **Үздік әлеуметтік парақша** - «БҚМУ серпін жастары». **Жас талант** - «Қорған» тобы. **Үздік спортшы** - Темірлан Көлібай, педагогика факультеті «дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4-курс студенті, Қазақстан Республикасының самбодан спорт шебері, Әлем, Азия чемпионы. **Үздік топ** - Мәдени-тынығу жұмысы мамандығы, 11308 топ (16 студент), топ кураторы Гүлжазира Ермековна Жұмағалиева, екі мемлекеттік грант, үш атаулы шәкіртақы иегерлері және екі студенттік декан бар. **Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының арнайы сыйлығының иегері** - Марлен Ғилымханов, филология факультеті, филология:қазақ тілі мамандығының 2-курс студенті болып анықталды.

Альфия ЖАҚСЫҒАЛИЕВА

Вспоминали минувшие дни

29 ноября в актовом зале ЗКГУ им. М.Утемисова собрались ветераны Великой Отечественной войны, работники тыла, ветераны труда, чтобы почтить память тех, кто в далеком 1941 году оборонял Москву, выдержав нечеловеческий натиск врага. Именно под Москвой гитлеровская армия впервые потерпела крах в столь крупном сражении. Ветераны почтили память и еще раз напомнили студентам, собравшимся в зале, какой ценой завоевывается мир и покой.

Мероприятие, организованное ветеранскими организациями области, совместно с воспитательным отделом и факультетом культуры и искусств университета, прошло в очень теплой обстановке.

Перед студентами выступали ветераны. Свои пожелания выразил Суюншалиев Халам Жумашевич, ветеран Великой Отечественной войны, ветеран труда, многие годы отдавший преподаванию в нашем вузе.

-Я рад видеть вас, дорогие студенты. Видя молодые лица, я вспоминаю, что вы те, кто строит новый независимый Казахстан. Мы получили гражданские права и находимся в числе передовых стран мира. Теперь вам строить будущее и хранить мир.

Евгения Григорьевна Утегенова в войну работала в тылу.

-Мы – последние свидетели Великой Отечественной войны. Наше детство пришлось на войну. Помню, как в 1944 году целый класс выпускников добровольцами ушел на фронт. Мы их торжественно провожали. Но вскоре пришла страшная весть: они даже не доехали до фронта, состав был разбомблен и никто не выжил.

Несмотря на голод и разруху послевоенного времени, Евгения Григорьевна смогла выстоять, как миллионы ее сверстников. Она вышла замуж, и вместе с мужем вырастила 11 детей, совершив свой подвиг Матери-героини.

Для гостей был дан замечательный концерт. Со сцены прозвучали песни военных лет. Также выступил мужской хор областного общества ветеранов, придав встрече особую теплоту.

О вопросах евразийской интеграции

В ЗКГУ им. М.Утемисова состоялась международная научно-практическая конференция, организованная с участием представителей международного научного консорциума.

На конференции были обсуждены достижения Казахстана за годы Независимости, реализация идеи евразийства, укрепления казахстанской идентичности, единства и межнационального согласия. Были рассмотрены перспективы сотрудничества, бизнес-проекты, вопросы антикоррупционной политики в контексте модернизации республики и развития ЕАЭС.

В конференции, которая по словам директора департамента стратегического развития и качества О.В.Юрова является традиционной, приняли участие представители научного сообщества из других стран, партнеры из Оренбурга и Саратова. Ученые тесно сотрудничают с Ассамблеей народа Казахстана, которая является уникальным институтом, обеспечивающим согласие и стабильность развития нашей страны.

Идея евразийства, одним из инициаторов которого является Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев, несмотря на возникающие проблемы экономического характера, нацелена в будущее. О евразийстве, как единственно возможной перспективе развития для постсоветского пространства, т.е. интеграции на новых принципах межгосударственных отношений, экономического прагматизма, сохранения и развития национального суверенитета, Лидер нации Нурсултан Назарбаев говорил еще с 1994 года.

Спикеры говорили о задачах дальнейшего развития интеграции на основе становления независимости всех государств, развития всех культур и языков. На этом пути Казахстан показывает высокие результаты.

Профессор Поволжского института Всероссийского государственного университета юстиции (г.Саратов) Р.Байниязов отметил, что в плане многообразия этносов и конфессий Россия и Казахстан схожи. И это многообразие не только не привело к раздроблению суверенной республики, а напротив стало фактором единства. Этносам, проживающим на территории Казахстана, присуща историческая толерантность, в отличие от Запада.

-Наш социальный феномен – тюрко-славянское единство, и евразийское пространство уникально в этом контексте. Это основа жизни наших народов, - сказал Р.Байниязов.

ЖАҢАЛЫҚТАР / НОВОСТИ

2016 жылдың 17 қарашасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице министрі А.К.Амриннің қатысуымен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті байқау кеңесінің бірінші отырысы болып өтті.

Отырыста байқау кеңесінің мүшелері таныстырылып, М.Өтемісұлы атындағы БҚМУ байқау кеңесінің төрағалығына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице министрі А.К.Амрин сайланды. Университет ректоры А.С.Иманғалиев кеңес мүшелерін байқау кеңесінің өкілеттілігімен таныстырып, байқау кеңесінің хатшылығына стратегиялық даму және сапа департаментінің директоры О.В.Юров тағайындалды. Сонымен қатар М.Өтемісұлы атындағы БҚМУ байқау кеңесінің 2017 жылға арналған жоспары мен БҚМУ-дың 2016 жылға арналған даму жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар және университетінің 2017-2021 жж. (2017 жыл бөлігі) арналған даму жоспарының жобасы талданып, бекітілді.

25 ноября на филологическом факультете ЗКГУ им. М.Утемисова состоялся V областной научно-практический семинар «Қазақ тіл білімі мәселелері және Батыс Қазақстан ономастикасы», посвященный 60-летию кандидата филологических наук, обладателя медали им. Ы.Алтынсарина, краеведеа, наставника, доцента Улдай Рыскалиевны Ержановой.

В работе семинара приняли участие преподавтели филологического факультета, представители областного управления образования, филологи – учителя и преподаватели учебных заведений Уральска, представители общественности, а также магистранты и студенты университета. Участники семинара обсудили вопросы изучения казахского языка, проблемы современной ономастики в крае.

На педагогическом факультете с 21 по 25 ноября прошла методическая неделя «Развитие творческого потенциала студентов на занятиях и в ходе учебной самостоятельной работы».

В процессе работы участники изучали разнообразие педагогических технологий, используемых преподавателями вуза для развития творческого потенциала студента на занятиях и в ходе самостоятельной работы, выявляли общие проблемы и наметили пути их решения. Было важно создать мотивационную среду для развития методической деятельности педагогов. Участники обменивались опытом, работали над совершенствованием педагогических технологий для развития обучающихся в различных видах творческой деятельности.

25 қараша 2016 жылы Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің базасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тағдыркешті шешімдері» IV Республикалық ғылыми-практикалық онлайн конференция өтті.

Конференцияға Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік базалық жоғарғы оқу орындары қатысты.

Конференцияны Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің ректоры А.М. Ғазалиев ашып, құттықтау лебіздерін Қарағанды облысының әкімдігінің, «Нұр Отан» партиясының өкілі, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Б.С. Айтимова білдірді.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен тарих ғылымдарының кандидаты Ж.Ж. Жақсығалиев «Әбілқайыр хан және Елбасы Н.Ә.Назарбаев саясатындағы сабақтастық: тарих пен тағылым» атты баяндамасын оқыды.

Конференцияда 4 секция жұмыс жасап, конференция резалюциясы қабылданды.

Акция #ILoveKZ

22 ноября в социальных сетях стартовала общереспубликанская акция «I LOVE KZ». На свои страницы пользователи социальных сетей выкладывают фотографии с государственной символикой и подписывают хэштегом #ILoveKZ.

Молодёжь Западного Казахстана, студенты нашего университета тоже подключилась к масштабной акции и уже размещают множество разных фотографий на фоне флага, оригинальные и стильные селфи, призывая всех принять участие. Таким образом участники эстафеты поздравляют казахстанцев с 25-летием Независимости страны, проявляя любовь и гордость за свою Родину. Акция продолжается до 16 декабря.

Айша КЕМЕШОВА, ФИЛ/п-22

Юбилей Николая Сергеевича Жигалина

Вам сегодня семьдесят пять лет –
Юбилей, достойный уваженья.
Вы знавали множество побед –
Вы по жизни лидер, без сомненья.
Мы всегда вас будем уважать,
Ведь для многих стали вы героем.
Улыбнитесь в этот юбилей.
Пусть здоровье Ваше будет крепким,
Пусть ласкает солнышко теплом,
Пусть родные, близкие и дети,
Наполняют радостью Ваш дом!

30 ноября в ЗКГУ им.М.Утемисова прошел областной научно-методический семинар «Некоторые вопросы синтаксиса», посвящённый 75-летию кандидата филологических наук, доцента кафедры русской филологии ЗКГУ им.М.Утемисова Жигалина Николая Сергеевича.

Слово для открытия семинара и для поздравления юбиляра было предоставлено первому проректору ЗКГУ им.М.Утемисова, доктору исторических наук Тасмагамбетову Асету Сембаевичу. Искренние слова уважения, восхищения, признательности в адрес Николая Сергеевича были сказаны деканом филологического факультета, кандидатом филологических наук, доцентом Мутиевым Зейноллой Жаксылыковичем, директором центра организации и контроля учебного процесса, кандидатом педагогических наук, доцентом и учеником именинника Латыповой Риммой Хамитовной.

Со своими работами на научно-методическом семинаре выступили кандидат филологических наук, доцент ЗКИТУ Кайыров Асан Бакиевич - «Вопросы современного синтаксиса и его исследователи», Мокрецова Маргарита Михайловна, Гумарова Жаннат Сагингалиевна, магистр педагогических наук, преподаватель УПК им.Ж.Досмухамедова - «К вопросу изучения синтаксемы русского языка в сопоставлении с казахским языком», Габдушева Бибигуль Албаевна, магистр гуманитарных наук, преподаватель ГККП «Зеленовский колледж» - «Формы слов с локативным значением и их функционирование», Седова Елена Андреевна, магистр гуманитарных наук, преподаватель ЗКГУ им.М.Утемисова - «Структурные схемы, содержащие значение состояния на уровне лексического наполнения», Иртикеева Анна Федоровна, магистрант - «Формы слов с временным значением».

После обсуждения тем докладчиков мероприятия перешло в неофициальную часть, где студенты поздравили Николая Сергеевича и организовали гостям небольшой концерт. Свои слова поздравления выразили директор СОШ №6 им.А.С.Макаренко Мозжухин Александр Михайлович, учитель русского языка и литературы СОШ №7 Заварзина Наталья Николаевна. От всего коллектива кафедры русской филологии пожелать сердечные поздравления слово было предоставлено заведующему кафедрой Абдульманову А.А.

Всем известно, как сильно наполнена вся жизнь Николая Сергеевича благородными и добрыми поступками. Все родные, близкие и друзья могут подтвердить, что именинник стойкий, мудрый и благородный человек, которого каждый из нас уважает и безгранично любит. Николай Сергеевич всю свою жизнь посвятил такому сложному, но в то же время интересному разделу языкознания, как синтаксис, который является предметом обсуждения на семинаре.

В завершении вечера были сказаны тёплые пожелания от всех присутствующих гостей, преподавателей, учителей, соратников, коллег и студентов. Николай Сергеевич выразил свою благодарность всем присутствующим.

Этот праздник действительно был наполнен искренним светом улыбок, теплом сердец, дружественных приветствий, которые звучали в честь юбиляра - человека, которого судьба наделила чрезвычайной мудростью, талантом и простотой.

Айша КЕМЕШОВА,
ФИЛ/п-22

Ғылым жаңалықтарына бастар жоба

Қараша айының 29-ы күні жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін бейнелеу өнері және дизайн кафедрасы бойынша студенттердің ғылыми практикалық конференциясы – ізденіс жұмыстары биылғы жылы да жалғасын тапты. 1-5 курс аралығында сайысқа түскен студенттер берілген тақырыптар бойынша ғылыми тұрғыдан зерттеулер жүргізіп, комиссия мүшелеріне өз жұмыстарын ұсынды.

«Бейнелеу өнері және дизайн» секциясы бойынша университет ректорының 2016 жылдың 19 қарашасындағы бұйрығына сәйкес СҒЗЖ байқау комиссиясына 4 адам бекітілді. Байқау комиссиясының төрағасы - Қ.Н.Мадиров,байқау комиссиясының хатшысы - А.Барадосова, комиссия мүшелері - Г.Х.Капаков, Б.А.Молдашева. 29 бақ сынаушы студенттердің (12 ғылыми жетекші) арасынан университетішілік байқау комиссиясы 5 студентті жүлдеге лайық деп тапты. Қуантарлық жағдай 1-курс студенттері де өздерінің алғашқы ғылыми жұмыстарын сәтті қорғап, жүлдегерлер қатарынан көрінді. Министрліктің І дәрежелі дипломымен – «Дизайн» мамандығының 3-курс студенттері - Аружан Косаевна Куспанова және Айгуль Болатовнаның Сарекенова «Шағын өзендерге арналған понтандық су реттеуші механизмі» (ғылыми жетекшісі: т.ғ.к.доцент И.У.Утегенов) тақырыбында жазылған ғылыми жұмысы ұсынылса, ІІ дәрежелі дипломға 2 жоба - «Картины Ван Гога и техника квилинга» атты тақырыпта жазылған «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 4-курс студенті – Балан Ольга Дмитриевнаның ғылыми жұмысы (ғылыми жетекшісі: п.ғ.к, доцент О.И.Ворожейкина) және «Зергерлік өнердегі ширатпа әдісі» тақырыбында жазылған «Сәндік өнер» мамандығының 1-курс студенті Бақытжанова Мөлдір Нұрланқызының ғылыми жұмысы (жетекшісі: аға оқытушы, ҚРСО мүшесі Т.Р.Сарманбеков) иеленді. Сонымен қатар министрліктің шешімімен ІІІ дәрежелі дипломға да 2 студенттің ғылыми жобасы лайық деп танылды. «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 1-курс студенті Гулайым Қуанышқалиның «Суретші А.Ғ.Сейтимов шығармаларындағы түстік-композициялық шешімдер» тақырыбында жазылған жобасы (ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, ҚРСО мүшесі Қ.Н.Мадиров) және «Батик өнеріндегі түстердің үйлесімділігін көрсету және бояу ерекшелігі» атты тақырыпта орындалған «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 2-курс студенті (жеделдетілген) Каримова Алтынай Булатовнаның (ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Г.Х.Капаков) ғылыми жұмыстары ІІІ дәрежелі дипломның иегері атанды.Алдағы уақытта аталған жеңімпаздар Республикалық сайыста университет намысын қорғамақшы. Дайындықтарын лайықтап, Республикалық сайыста да топ жарар деген үмітпен студенттерімізге сәт-сапар тілейміз.

Гүлайым ҚУАНЫШҚАЛИ,
ИИЧ-11 тобының 1-курс студенті

Ғылыми кеңесте

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 2016 жылдың 28 қарашасындағы ғылыми кеңесінде мансап орталығының жетекшісі С.А.Қажиахметов «2015-2016 оқу жылындағы университет бітірушілердің жұмыспен қамтылу жайы туралы» және факультет деканларының «БҚМУ мамандықтарының 2017 жылғы аккредиттеуді өткізуге дайындығы туралы» есептері тыңдалды.

Ректоратта

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 2016 жылдың 21 қарашасындағы ректоратында тәрбие бөлімінің жетекшісі Ә.С.Жақсығалиеваның «Университетте мемлекеттік жастар саясатының орындалуы туралы» және қауіпсіздік қызметінің жетекшісі Б.С.Дәулетовтің «БҚМУ-да қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен қауіпсіздік қызметін ұйым-дастыру туралы» есептері тыңдалды.

Киелі Ақ Жайықтың төрінде орналасқан Қадыр Мырза Әлі атындағы мәдениет және өнер орталығында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Батыс Қазақстан облысы діни істер басқармасы Дін мәселелерін зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Дін және әйел» атты форумы өтті.

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ – әр мұсылманның парызы

«Дін және әйел» форумы бірінші рет емес, жыл сайын өткізіліп тұрады. Бүгінгі форумның ерекшелігі-тек қана әйел жамағатының қатысуы. Форумға қоғамдық бірлестіктер мен ғылыми қауымдастықтар, студенттер қатысты. Форумның мақсаты - қазақ халқының байырғы замандағы әйелдің мәртебесін көтергендей, қазіргі қоғамда да соны қалыптастырып, қыздарымызды қырық үйден тыйып, адамгершілік қасиеттерін қыз баланың бойына сіңіру. Қыз баласы болашақ ана болғандықтан, әрбір ата-ана қыздарының жүріс- тұрыстарын жете бақылап, отбасы құндылығын үйретіп, үлкеннің алдын кеспеуді бойына сіңіріп тәрбие беру. Сонымен қатар теріс діни ағымдардан, отбасы құндылықтарын сақтау, қыздарымызға рухани жағынан тәрбие беру. Форуымда алдымен сөз алған Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университетінің баспасөз хатшысы, дінтану ғылымының магистранты Айша Кеңесбай теріс діни түсініктің қоғамға әсері және оның зардаптарын баяндап берді. Адамдардың, соның ішінде әйелдің, жат ағымдардың арбауына түсуінің басты себебі: -өз салт-дәстүрін, мәдениетін және дін негіздерін жетік білмеуінен әйел жамағаты теріс діни ағымдарға кіріп кетіп жатады - дейді Айша Аманқызы. Айша Аманқызы Ақида іліміне тоқталып өтті. Яғни бұл жердегі Ақида ұғымы араб бөлік ұштарын бір жерге жинау, топтау мағынасын береді. Терминдік мағынасы дінімізедегі сенім жүйесі. Дәлірек айтқанда, иман негіздері деген мағынаны береді. Сіз намаз оқып немесе ораза ұстап жүрініз, сіздің сеніміңіз дұрыс болмаса, ол Ақретте жемісін бермеуі де мүмкін. Қазір не себепті дінге ерекше мән беріп отыр? Өйткені, адамзаттың нәзік тұсы - дін мәселесі. Жат діни ағымдар адамдардың сенім жүйесі арқылы қоғамға іріткі салып отыр деп өз ойын тұжырымдады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалының Құран оқыту бөлімінің ұстазы Ахметова Гүлжәмилә Ермаханбетқызының «Әйел адамның қоғамды дамытудағы орны» тақырыбындағы баяндамасын жұрт назарына ұсынды. Гүлжәмилә Ахметова: «Ислам діні қажет жағдайдарда әйелдердің де жұмыс істеп , табыс табуын құптайды»-дейді. Сонымен қатар тұрмысы нашар отбасыларда отағасына көмектесу үшін немесе жесір қалған әйелдің бала-шағасын асырау үшін табыс табуына қарсылық білдірмейді. Бірақ әйел қызметке тұру үшін күйеуінен рұқсат алуы тиіс.Сонымен қатар, табыс тапқысы келген әйел өзінің күйеуі алдындағы міндеттерін ұмытпауы тиіс. Себебі, кәсіппен шұғылданып, дүние жинау тұрмыс құрған әйелдің уәжіп міндеті емес, ал күйеуінің алдындағы міндеттері болса уәжіп екендігін айтып сөзін аяқтады. Жиында сондай-ақ ҚМДБ Сырым ауданы бойынша филиалы Әсел Абдуболи «Дін және ұлттық құндылықтар» атты баяндамасын баяндап берді, сонымен қатар Облыстың «Ару аналар қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Саржанова Клара Бақтығалиқызының «Қыз-ұлттық ұрпақты жалғастыратын ұлы күш» тақырыбындағы баяндадамасы тыңдалды.

Исламтанушы журналист Вероника Сергеева «Қазіргі қоғамдағы мұсылман қызының орны: мәртебесі, рөлі және жағдайы», Тасқала аудандық «Ақ тілек» халықтық әжелер ансамблінің тілшісі Айтқалиева Аягөздің «Қызыңды тәрбиелегенің - ұлтыңды тәрбиелегенің»баяндамасы оқылды. Баяндамалардан кейін форум сұрақ-жауап түрінде өрбіді. Сауалдардың дені діндар әйелдің зайырлы ортадағы орны туралы болды. Мысалы (мектептерде) міндетті екпелерге шариғат не дейді? Бұл сұраққа Гүлжәмилә ұстазымыз жауап берді: яғни оған шариғат та қарсы емес, тыйым жоқ, бірақ денсаулық бізге аманат болғандықтан жұбайыңызбен ақылдасып шешкеніңіз жөн болады деп жауап берді. Басқа да көпшілікті толғандырып жүрген өзекті сұрақтар: талақ мәселесі, балабақшалардағы асханалардың халал болуы, жоғары діни білім алу сияқты сұрақтарға шақырылған қонақтар тұжырымды жауаптарын берді. Шара сонында қатысушылар тарапынан өңірде қыз балаларға арналған медресе ашу туралы ұсыныс айтылды. Түскен ұсыныстар негізінде форумның қорытындысы ретінде қарар қабылданды. Форумның бізге берген тәрбиелік мәні зор болды. Форумнан түйгеніміз-Ислам дінінің атына дақ түсірмеуге, діни фанатизмнен аулақ болуға шақыру. Өз сөзімді мына Пайғамбарымыздың сөзімен аяқтасам: «Шынайы мұсылман - өзгеге қолымен де, тілімен де зиянын тигізбеген адам».

А. ЖАҚСЫҒАЛИЕВА

Гость из Индии на кафедре иностранных языков

2 ноября кафедрой иностранных языков была организована встреча с Рэмом Виранжаном, доктором философии, заведующим кафедрой изобразительного искусства университета Курукшетра (Индия). Он приехал в наш вуз по программе академической мобильности. На встрече собрались преподаватели кафедры иностранных языков и студенты этой специальности.

В начале встречи студенты групп ИЯ-11, ИЯ-12, ИЯ-13, ИЯ-14. Студенты подготовили красочные презентации о Казахстане, об Уральске и о нашем вузе. Затем доктор Рэм Виранжан рассказал о себе, своей стране и культуре, отвечал на вопросы наших студентов и преподавателей и даже спел нам песню на хинди о любви и дружбе между людьми.

Рэм Виранжан преподает живопись в своем родном городе. Это его первый визит в наш университет, но не первый визит в Казахстан. Он говорит на хинди и на английском языке. Он очень доброжелательный и располагающий к себе человек.

Все участники встречи были рады новому знакомству.

Встреча с коллегой из Южной Кореи

3 ноября прошла встреча с Ли Джон Хюном, доктором философии из Санконгкхое университета города Сеул (Южная Корея). Он преподает дисциплины по IT-технологиям в своем родном городе. На сегодняшний день он является директором института полиязычия ЗКГУ им. М.Утемисова.

На встрече присутствовали проректор по воспитательной работе и социальным вопросам Даришева Т.М., руководитель центра Болонского процесса Зубков В.С., декан филологического факультета Мутиев З.Ж., преподаватели и студенты. Студенты подготовили презентации о Казахстане, Уральске, нашем вузе, традициях и обычаях нашей страны. Студенты второго курса кафедры иностранных языков Галымова Айдана и Кенжегалиева Рената подготовили творческие номера: казахский национальный кюй и танец.

Доктор Ли рассказал о системе образования в Южной Корее, о своем опыте изучения английского языка и дал нашим студентам практические советы по изучению языков.

В конце мероприятия было сделано коллективное фото на память. Все присутствующие встречи были воодушевлены встречей с новым коллегой.

Н.К.ЛЫСЕНКО,
ст. преподаватель кафедры иностранных языков, магистр

Көптілділік – қазіргі заманғы білім берудегі басым бағыттардың бірі

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, жаһанданған және киберкеңістіктегі заман көптілді білуді қажет етеді.

Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы, оның негізгі мақсаты - бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Маманға шет тілін меңгеру кез келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне немесе жалпы ақпараттық ғаламшарға бейімделуіне мүмкіндік береді.

Осы мақсатта жаратылыстану-география факультетінде 2016 жылдың 31 қазан - 4 қараша аралығында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орай, «Көптілділік – қазіргі заманғы білім берудегі басым бағыттардың бірі» тақырыбындағы көптілділік апталығы ұйымдастырылды. Басты қонақ ретінде Көптілділік институтының директоры, доктор PhD Lee Jong Hyun, Болон процесі орталығының жетекшісі, доктор PhD Зубков Владислав Сергеевич, сонымен қатар академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша жаратылыстану-география факультетінде білім алып жатқан Долина Миссисипи мемлекеттік университетінің студенті Lavester Deonte White қатысты.

Апта аясында көптеген іс-шаралар оздырылды:

31 қазан күні жаратылыстану-география факультетінің Зоология музейі, Кеппешөп қоры, Химиялық лабораторияға ағылшын тілінде экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсияны «5В011300 Биология» мамандығының көптілді тобының студенттері Бакдаулетова Асем, Сұлтанғалиева Гүлжанат, Қаржауова Гүлдана жүргізді.

«Көптілділік-қазіргі заманғы білім берудегі басым бағыттардың бірі» тақырыбында факультет ұжымының қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел барысында жаратылыстану-география факультетінің деканы э.ғ.к., Г.Н.Сулейменова, Болон процесі орталығының жетекшісі, доктор PhD Зубков В.С., Көптілділік институтының директоры, доктор PhD Lee Jong Hyun, Долина Миссисипи мемлекеттік университетінің студенті Lavester Deonte White сөз сөйлеп факультет ұжымымен пікір алмасты.

31 қазан күні химия кафедрасының ұйымдастыруымен көптілділік химиялық кеші ұйымдастырылды. Химиялық кеш ағылшын тілінде жүргізіліп, студенттер химиялық зерттеулерін үш тілде жеткізе білді. Кеш барысында химиялық зерттеулер көрсетіліп, студенттер арасында ойындар ойналды. Бұл шарада Долина Миссисипи мемлекеттік университетінің студенті Lavester Deonte White белсене қатысып, дипломмен марапатталды.

1 қараша күні география кафедрасының ұйымдастыруымен «Geography of West Kazakhstan» тақырыбында конференция өтті. Бұл конференцияның негізгі мақсаты келген қонақтарды Батыс Қазақстан облысының географиялық жағдайымен таныстыру болды. Конференция барысында ағылшын тілінде баяндамалар оқылды:

«БҚО жер бедері мен топырақ жамылғысы» - Кәрім Н.Ә.
«БҚО өсімдік жануралар дүниесі» - Есенғазы А.Б.
«БҚО халқы» - Адиетов З.Ғ.
«БҚО өнеркәсібі (Қарашығанақ мысалында)»- Ильясова А.В.

«БҚО ауыл шаруашылығы»- г.ғ.к., доцент Амельченко В.И.

Апта аясында «Химия» кадедрасының оқытушысы Исполова А.Ж., «Биология және экология» кафедрасының оқытушысы Удреева К.С. ағылшын тілінде дәрістік, зертханалық сабақтарын өткізді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орай «Көптілділік – қазіргі заманғы білім берудегі басым бағыттардың бірі» тақырыбындағы апталық бағдарламаға сай өткізілді және оқыту барысында студенттерге оң ықпал етті.

Е.Е.АЙМАНОВА,
Жаратылыстану–география факультеті деканының орынбасары

Multilinguism as one of the priorities of modern education

From October, 31 till November, 4 2016 natural science and geography faculty of M.Utemisov WKSU held polylinguism week on the theme "Multilinguism as one of the priorities of modern education" dedicated to the 25 anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan.

Language is a key notion that reflects the culture. It is a tool that explains the origin of the nation and how it has built its social structure. Knowledge of several languages is necessary. And the more languages you know, the greater the more opportunities.

The leader of our country N.A. Nazarbaev has determined quite high objectives for national education. He repeatedly talked about the significance of importance and polylinguism development for multinational Kazakhstan society. The introduction of teaching three languages in educational process – it is certainly an important step towards the development of education system of Kazakhstan.

From October, 31 till November, 4 2016 our faculty held polylinguism week on the theme "Multilinguism as one of the priorities of modern education" dedicated to the 25 anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan.

According to the program the guests of the event director of the Institute of multilingualism PhD Lee Jong Hyun, manager of the Center of Bologna process PhD Zubkov Vladislav Sergeevich, a student from the University of Mississippi USA Lavester Deonte White visited the Department, Zoological Museum, herbarium fond, laboratory of biogeochemistry.

The excursion was conducted by the students of polylingual group "5B011300-Biology" Assem Bagdauletova, Gulzhanat Sultangalieva, Guldana Karzhauova.

In the framework of the week round tables, meetings of teachers and students of the faculty were held in three languages, the education system in South Korea, the United States were analyzed.

At the end of the round table Dean of natural science and geography faculty G.N. Suleimenova and the guests shared their opinions.

And also the conference on the theme "Geography of West Kazakhstan" was held.

The main purpose of the conference was to acquaint visitors with the geographical position of the Western Kazakhstan region. Open lessons in polylingual groups of the specialties "Chemistry", "Biology", "Geography" were conducted by the teachers V.I. Amelchenko, A. Ispolova and K. Udreeva.

During the week teachers and students communicated only in English. Multilingualism week ended with a concert program of students.

Assem BAGDAULETOVA,
a student of polylingual group B/p-29

Слово о педагоге

Жигалин Николай Сергеевич родился в поселке Черноярово Зеленовского района Западно-Казахстанской области 23 ноября 1941 года. Нынешнему поколению трудно понять, как жили люди того времени. Даже для среднего поколения война и послевоенные годы – как черно-белая хроника – история и только. А Николай Сергеевич застал эти скорбные годы в самом раннем детстве и отрочестве, но испытания не сделали его слабым, закалили тело и душу.

Для людей этого военного поколения Отечество и Родина никогда не были абстрактным понятием. Чувство ответственности становится главной ценностью, которой служат верой и правдой всю свою жизнь.

В 1959 году в сельской школе начинается долгий трудовой путь Николая Сергеевича. В 1965 году он успешно оканчивает Уральский педагогический институт имени А.С.Пушкина по специальности «История, русский язык и литература», служит в рядах Советской Армии.

В январе 1967 года становится преподавателем кафедры русского языка Уральского педагогического института, заканчивает аспирантуру при филологическом факультете МГУ им. М.В.Ломоносова. Здесь он попадает в круг лучших учёных - русистов, защищает диссертацию под руководством профессора В.А.Белошапковой на тему «Роль отрицания в структурной организации сложноподчиненных предложений».

Выбранной синтаксической стезе он остаётся верным всю свою жизнь – как и родному вузу. Н.С.Жигалин становится ведущим преподавателем-лингвистом в Уральске. Теперь его трудовой стаж в вузе насчитывает без малого 50 лет.

Николай Сергеевич счастливо сочетает талант преподавателя с даром руководителя. Он постоянно находился на руководящих должностях в университете - заведовал кафедрой русского языка, кафедрой общего языкознания и перевода, возглавлял филологический факультет, был заместителем директора гуманитарного института. И на каждом посту он вносил что-то новое в жизнь коллектива, показывая образцы собранности и дисциплины. Поразительная работоспособность Николая Сергеевича становится примером для всех. Ему было достаточно строго взглянуть на провинившегося, чтобы тот вспомнил о светящемся допоздна окне кабинета Жигалина Н.С. и устыдился своей несобранности...

Николай Сергеевич известен всем как замечательный воспитатель и педагог, подготовивший сотни учителей русского языка и литературы, многие из которых успешно работают в школах города и области. Он активно занимается и научно-исследовательской работой, ежегодно выступая с научными докладами. К этой работе привлекаются студенты и магистранты, выполняющие под его руководством исследовательские работы: вместе с научным руководителем ведется системный анализ предложно-падежных форм, а итогом его многолетнего преподавания стал сборник упражнений по современному русскому языку, подготовлено им и учебное пособие на электронных носителях и материалы для преподавания в новых условиях – в условиях новой Концепции образования. Его учебное пособие «Синтаксис современного русского языка» (РИО ЗКГУ, Уральск, 2005) широко используется преподавателями словесниками.

Н.С.Жигалина отличает активная жизненная позиция: он выступает на актуальные проблемы воспитания и образования в СМИ, неоднократно проводит экспертизы по языковым вопросам в облсуде, горсуде, прокуратуре, финансовой полиции, КНБ РК.

Жигалин Н.С. - Отличник просвещения РК, награжден медалями «Ветеран труда», «ЗКГУ-75 лет».

Скоро будет полвека, как он работает в нашем вузе и заслуженно пользуется самым высоким авторитетом среди студентов, сотрудников и преподавателей ЗКГУ. Всем известны скромность и принципиальность Николая Сергеевича, организованность и ответственность, широкий кругозор и эрудиция, чувство нового, прогрессивного. Требовательность и в то же время доброжелательность, остроумие, тонкий вкус, добросовестность и основательность – все это заслуженно снискало уважение студентов и коллег.

Блестящая подготовка в Московской аспирантуре, подвижнический труд в школе и вузе результатом своим имеют сотни приобщенных к богатствам русского языка учащихся и студентов. Образцом для подражания являются его энергия, динамический стиль жизни, жизнелюбие и жизнерадостность.

Он – любящий и заботливый отец, муж, дедушка, всегда находящий время для общения с близкими, отдающий им тепло своей души.

Николай Сергеевич дорог нам как умный, интересный, тонко-ироничный собеседник, отзывчивый и великодушный человек, всегда готовый прийти на помощь своим друзьям и коллегам, поддержать их в трудную минуту. Несмотря на годы он так же молод, полон энергии, жизнеутверждающего оптимизма.

Оставайтесь же таким вместе с нами на долгие-долгие годы. Пусть Вас никогда не оставят творческое горение, жажда знаний и широта души!

Дорогой Николай Сергеевич! Мы желаем Вам самого крепкого здоровья, большого счастья, семейного благополучия и успехов в Вашем нелегком научном и педагогическом труде.

Коллеги

Құрметті Үлдай Рысқалиқызы!

Қадірменді Ұстаз, ардақты әріптес, аяулы апа, мерейлі жасыңыз құтты болсын! Таң жұлдызы шапағын төгіп, жанарыңыз жарқырап ортамыздан табыла жүріңіз. Деніңіз сау, көңіліңіз шат болып, ерен еңбектің жемісін көріңіз. Өзіміздің Сізге деген зор ықыласымызда мына өлең жолдарымен жеткізуге рұқсат етіңіз.

Мерей жас көркейтеді көп алдында,
Құттықтап қояйықшы сөз алдында.
Жан ғұмыр жасай берсін, апатайым
Алпысты еңсерген ел алдында.
Жас өмір өткен екен ізденіспен,
Ғылым мен білімдегі кептеліспен.
Еңбегің жанып отыр бүгіндегі
Төл дүниең шыққан бүгін іркіліспен.
Бұл білсек, ғылымдағы зор дүние!
Жадымызды жаңғыртар қалың сүбе,
Сонау төбе, сонау бел бәрі-бәрі
Бабамның жазып кеткен хаты-дәме.
Топонимдер еліміздің шекарасы,
Қағылған қара жерге сөз сынасы.
Өрнектелген елауызында қалған атау
Бұл кітап апамыздың төл баласы.

Игі тілекпен, шәкіртіңіз, iніңіз, Алтынбек
және «Орыс филологиясы» кафедрасының ұжымы

Великой степи поклоняясь

С 1 по 7 ноября в Шымкенте прошел Международный симпозиум учителей-художников «День уважения Великой Степи», посвященный 25-летнему юбилею Независимости Республики Казахстан.

Принять участие в симпозиуме – большая удача. За что я благодарна нашему университету, а также организатору мероприятия Танирбергенову Медеубеку Жуматайевичу. Прежде всего – это возможность поработать в числе лучших художников страны, побыть в атмосфере профессиональных единомышленников.

Программа мероприятия была насыщенная и разнообразная. Что важно для художника? Конечно, новые впечатления, предшествующие вдохновению. Мы посетили красивейшие места Шымкента, побывали в мавзолеях Ахмета Яссауи и Арыстан-баба, древних городах Сауран и Отрар. Совершили прогулки по окрестностям города, проникаясь величием природы Южного Казахстана.

Организатором конкурса стал Южно-Казахстанский государственный педагогический университет при поддержке акимата ЮКО.

Пленэр, мастер-классы, знакомство с такими знаменитыми художниками-педагогами, как академик Академии художеств РК Оспанов Айнабек Мынжасарович, профессор, член Союза художников Макаров Гумар Ескендырович и другими известными деятелями искусства, обогатили мой кругозор, расширил видение искусства живописи.

В рамках симпозиума прошла выставка эскизных работ, было много общения с художниками со всего Казахстана.

Город Шымкент красивый, гостеприимный, теплый город, как дом, в который хочется вернуться.

Закрытие симпозиума учителей-художников «День уважения Великой Степи» прошло в музее изобразительного искусства Шымкента, на котором были объявлены победители, вручены подарки, сертификаты участия и благодарственные письма.

Акмарал БАХИТОВА,
преподаватель кафедры изобразительного искусства и дизайна

Традиционный областной турнир среди юношей по казақ куресі прошел в ауле Хан Ордасы Бокейординского района в честь Почетного деятеля спорта РК, мастера спорта СССР, Почетного гражданина Бокейординского района Жубаныша Садыровича Жардемова.

С 18 по 20 ноября во дворце культуры поселка Хан Ордасы состоялся областной турнир среди юношей в честь многоуважаемого Жубаныша Садыровича Жардемова. Соревнования, организованные Бокейординским районным отделом и акиматом Бокейординского района, прошли на высоком уровне, собрав более ста участников - учащихся школ области 2000-2002 годов рождения. Для юных спортсменов присутствие в зале ветерана спорта столь высокого уровня является дополнительным стимулом для новых высот в спорте и учебе.

Турнир в честь нашего педагога

Главным судьей выступил А.Сергалиев, вице-президент областной федерации казак куреси. Турнир был посвящен 25-летию Независимости Республики Казахстан. Призеры турнира были награждены ценными призами, медалями, грамотами, а также памятными именными кубками – победители соревнований.

Как и много лет подряд, Жубаныш Садырович встретился с учениками выпускных классов поселка Хан Ордасы. Он рассказал ребятам о ЗКГУ им. Махамбета Утемисова, как об одном из старейших вузов страны, воспитывающего достойных специалистов в разных областях. Благодаря профориентационной работе Ж.С.Жардемова, ежегодно выпускники этой школы становятся студентами ЗКГУ.

Знает ли МОЛОДЁЖЬ свои права?

Будущее нашего государства зависит от молодого поколения. Однако, не каждый молодой человек до конца осознает это. На данный момент граждане юного возраста являются социальной группой общества, неполноценно отстаивающие свои права.

Несмотря на развитость современных информационных технологий, слабость правовой информированности и правовая безграмотность молодежи на сегодняшний день остается актуальной проблемой в стране. Незнание и неуважение законов, не владение знаниями о своих конституционных правах, и отсюда, неумение их отстаивать и защищать являются источниками негативных последствий, таких как недоверие к власти, социальная напряженность и т.д.

В связи с этим 5 ноября в ЗКГУ имени М.Утемисова был проведен областной дебатный турнир среди высших и специальных учебных заведений Западно-Казахстанской области с целью повышения правовой компетентности молодежи при поддержке Управления по делам молодежной политики и дебатного центра университета «Ақиқат». Всего в турнире приняли участие 30 команд казахской лиги и 8 команд русской лиги из разных учебных заведений области.

Наиболее интересной темой для обсуждения стала резолюция о составлении эффективного механизма для повышения правовой грамотности молодежи Республики Казахстан. По итогам данного турнира главные судьи казахской и русской лиг Мерхан Абдулов и Ермек Мукашев наградили чемпионов дипломами и ценными подарками. I место завоевала команда «Космос» (А.Шайқы, Г.Шамкулова) казахской лиги и команда «Legion» (А.Ергалиев, Д.Ахметова) русской лиги. II место – команда «Start» (Н.Курмангалиева, А.Мамедова) и команда «Mr. & Mrs Smith» (Н.Максот, Д.Мендыгалиева). III место получила команда «Interpriser» (Е.Тұрлыбай, Н.Тұрсұнғалиев) и команда «Титан» (А. Максот, Е.Наурызбай). Также были выданы дипломы по номинациям «Лучший судья» и «Лучший спикер». В этом году «справедливыми судьями» областного масштаба по обеим лигам стали Лэйлі Мақсотова и Максим Тян, «лучшими спикерами», покорившими всех своим ораторским искусством и талантом завоевывать внимание аудиториии, стали Гаухар Бауыржанова и Алексей Шагиев.

Турнир, по мнению всех участников, прошел на высшем уровне. Руководитель дебатного центра «Ақиқат» Сулейменов Мерген Куанышевич поделился своими впечатлениями и поблагодарил всех за участие, добавив, что, организовывая такие турниры, молодое поколение эффективно проводит свое досуговое время и расширяет кругозор.

В самых простых, но неожиданных ситуациях знание своих прав, особенно гражданских, помогает избежать, а порой и исключать многие проблемы. В целом же - помогает развитию правового государства.

Адам баласының ойлап тапқан каруларының ең жойқыны – сөз. Сөз сапасын, мән-мағынасын жетілдіру, құлаққа жағымды, көңілге қонымды болуы үлкен мазмұнға ие болған.

Қазіргі заман ШЕШЕНДЕРІ

Қара сөздің жілігін шағып, майын ішкен майталмандарды ділмар-шешен демеуші ме едік. Ал, шешеннің тілі өткір, ойы ұшқыр, сөзге байламы мен тоқтамы болуы шарт. Соған байланысты дана халқымыз: «Байламы жоқ шешеннен үндемеген есті артық» деп баса айтқан. Осы асыл қасиеттерді бойға сіңіріп, қара қылды қақ жарған, дау-дамай басын бір сөзбен қайтарған кешегі шешен – бүгінгі дебатер десек артық айтып, асыра сілтегендік емес. Себебі, дебатер – қоғамдық маңызы зор сүбелі тақырыптарды ортаға салып, сараптап, оң-солын жіті және толыққанды қарай отырып, тұщымды ой түюші.Нағыз дебатер биік белесті бағындырып,үлкен жетістікке жетуді көздейді. Соның бір дәлелі біз, Махамбет ұрпақтары, жалынды жастар. Республиканың түкпір-түкпірінен келген озық ойлы пікірсайысшылармен Ақтау қаласында бәсекеге түсіп қайттық. Оған барудағы басты мақсатымыз - өз шеберлігімізді дәлелдеп, тәжірибе жинау болатын. Ақтауға барып, өзімізді сынап, республикалық дәрежедегі сөз шеберлерімен бәсекеге түсіп, білімділігімізді дәлелдеп қайттық. Додаға университетімізден 3 команда: «Айтұмар» фракциясының мүшелері- Амалова Сымбат, Талапова Нұржауған; «Тұғыр» фракциясының мүшелері - Залмуканова, Нығмет Айтөре, «Цунами» фракциясының мүшелері - Шамқұлова Гауһар, Өмірзақ Арман барып, «Ақиқат» ЖҚБ-ның намысын қорғап қайтты. Ойын өте жоғары дәрежеде, тартысты өтті. Бұл біз үшін үлкен тәжірибие болды.

Арман ӨМІРЗАҚ,
ХТОВ/п-23 топ студенті

Победа за нами!

Учитывая то, что в нашей стране есть интеллектуально развитая молодежь, в 2014 году впервые в городе Уральске было решено провести Республиканский дебатный турнир, приуроченный ко Дню Первого Президента Республики Казахстан с целью повышения духовного развития молодежи и укрепления дружеских отношений между дебатерами из разных городов. На сегодняшний день этот турнир стал традиционным и проводится каждый год в Урасльке.

26 и 27 ноября этого года в стенах ЗКГУ им. М.Утемисова прошел традиционный III Республиканский дебатный турнир, приуроченный ко Дню Первого Президента РК. При поддержке Управления по делам молодежной политики ЗКО и ЗКГУ им. М.Утемисова турнир проводился с целью пропогандирования политики Президента. Торжественное открытие турнира украсили выступления танцоров и вокалистов, победителей областных и республиканских конкурсов.

В первый день прошли дебатные игры, состоявшие из трех раундов. Этим же вечером по специальной программе проводились спортивные игры Teambuilding «Uralsk city», где участники могли с пользой для себя, весело провести свой досуг. Во второй день турнира были отобраны 8 лучших команд на 1/4, затем прошли полуфинальные и финальные игры.

На торжественном закрытии турнира были победителей наградили дипломами и ценными призами. В церемонии награждения приняли участие председатель управления по делам молодежной политики ЗКО Саккошев Аян Кажимерович, проректор по воспитательной работе и социальным вопросам ЗКГУ им. М.Утемисова Даришева Туймеш Малбагаровна, председатель дебатного центра молодежного общественного объеденения «Ақиқат» Сулейменов Мерген Куанышевич.

По итогам данного турнира в казахской лиге почетное I место заняла команда «Энтерпрайзер» (Н.Турсунгалиев, Е.Турлыбаев) из Уральска, II место - команда «Альфа» (М.Куртебаев,А.Уразалин) из Актюбинска, III место - команда «Президент» (Д.Яхиев, Н.Худайбергенов) также из Актюбинска. Номинацию «Лучший спикер» получил Нурлан Худайбергенов, а «Лучшим судьей» стал Мерхан Абдулов. В русской лиге почетное I место заслужила команда из Уральска «Persona grata» (А.Бегракян, А.Кужахметова), II место - команда «Генезис» (Д.Ахметова, Е.Наурызбай), III место - команда микс из Алматы и Актюбинска «Хакасия 3В TROTВ» (М.Буранкулова, А.Зулкашев). Лучшим спикером на турнире стал участник из Актюбинска Аслан Зулкашев, а лучшим судьей - Алия Амруллина. Помимо вышеуказанных призеров специальным призом имени ректора ЗКГУ были награждены студенческая команда из Актюбинского политехнического колледжа «M-Magnate» (Ғ.Кулниязов,Е.Мусагалиев).

Все участники получили благодарственные письма и сертификаты участия.

Эти два дня, по мнению самих участников и организаторов, были наполнены позитивной дружеской атмосферой и весельем. Были те, кто приезжали в Уральск несколько раз подряд, а кто-то был здесь впервые. И независимо от этого участники получили массу хороших впечатлений и ждут новых приглашений на дебатные турниры.

Алина МАМЕДОВА
филологический факультет, студентка группы ИЯ-23

«БРЕЙН-РИНГ» студенттік интеллектуалды ойыны

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да «Брейн-ринг» студенттік интеллектуалды ойыны өткізілді. Ойынға 6 факультет қатысты. Ойын 3 кезеңнен тұрды: I кезең – «Кім жылдам?», II кезең - Капитандар сайысы, III кезең - Жанды сұрақ.

Әр кезеңде кафедра оқытушылары дайындаған сұрақтар қойылды. Ойынның шарты бойынша ең алдымен факультетішілік төрт команда сынға түсіп, жеңіске жеткен команда финалдық ойынға жолдама алды. «Брейн-ринг» студенттік интеллектуалды ойыны 8 қараша күні факультетішілік Жаратылыстану-география және Филология факультеттерінде өткізілді. Жаратылыстану-география факультетінен «Болашақ» тобы, Филология факультетінен «Фоварит» тобы финалдық бәсекеге жолдама алды. Қараша айының 9-да Физика-математика және Педагогика факультеттерінде өткізілді. Физика-математика факультетінен «Жайсаң», Педагогика факультетінен «Ұшқыр» тобы финалдық ойынға жолдама алды. Қараша айының 10-да Тарих, экономика және құқық, Мәдениет және өнер факультеттерінде өткізілді. Тарих,экономика және құқық факультетінен «Орда», Мәдениет және өнер факультетінен «Алау» финалдық бәсекеге жолдама алды. Қараша айының 15-і күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың бас ғимаратының акт залында «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан командалар финалдық бәсекеде бақтарын сынады. Финалдық бәсеке III кезеңнен құралды. 1-кезеңде командаларға тарихи сұрақтар мен саясат аясынан құралған 15 сұрақ қойылса, 2-кезеңде қос команда капитандарына жан-жақты қамтылған сұрақтар қойылды. Ал 3-кезеңде қос командаға 3 балдан тұратын университет тарихына қатысты сұрақтар қойылды. Ойын IV турға бөлінді.

I ойын Педагогика командасы және Филология командасы сынға түсіп, нәтижесінде 2 команда да тең дәрежеде екендігін көрсетті. II ойын Мәдениет және өнер мен Тарих, экономика және құқық командалары тартысты өнер көрсетті. Ойын соңы Тарих, экономика және құқық командасының жеңісімен аяқталды. III ойын Физика-математика және Жаратылыстану-география командалары арасында өрбіді. Нәтижесінде Жаратылыстану-география факультеті «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» команда екендігін дәлелдеді. Жоғарғы баллға ие болып, автоматты түрде ақтық сынға жолданды. Ал Тарих, экономика және құқық, Филология, Педагогика командаларының ұпай сандары тең болғандықтан қосымша сұрақ қойылып, нәтижесінде Тарих, экономика және құқық командасы жеңіп шықты. Ақтық бәсеке Жаратылыстану- география командасы мен Тарих, экономика және құқық командалары арасында өтті.Ойын тартысты, әрі қызықты болды. Ақтық сын IV кезеңнен тұрды.

I кезең: Кім жылдам?

II кезең: Капитандар сайысы.

III кезең: Жанды сұрақ. Осы кезеңдерде Жаратылыстану-география командасы жылдамдық танытып, алға қарай суырылып шықты.

IV кезең: Соңғы ойында команда мүшелеріне университетіміздің өркендеп, жаңаруына 5 түрлі ұсыныс тастау міндеттелді. Нәтижесінде Тарих, экономика және құқық командасының ұсынысы үздік деп танылды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған «Брейн-ринг» студенттік интеллектуалды ойынының қорытындысы бойынша «Алғыс хатпен» Филология, Педагогика, Музыка және өнер, Физика-математика командалары марапатталды. II орын Тарих, экономика және құқық командасына табысталды.«Брейн-ринг» студенттік интеллектуалды ойынында ерекше ұйымшылдық танытып, көзге түскен Жаратылыстану-география факультеті I орын және чемпиондық кубокпен марапатталды.

Әдемі ҚАБЕШЕВА,
биология мамандығының 1-курс студенті

Менің таңдауым - БҚМУ



12 қараша. Сағат тіліне қарасам дәл осы күнімнің жартысы өтіп кеткенін нұсқап тұр.Көктемнің ерке самалы еспейтін қоңыр күздің күңіренген суық күндері өз күнделік парақшасын ашқанына ұзақ боп қалды десем де, биылғы қыс ерте басталып кеткенін ұмытпаған жөн.

Алға қадам басып келемін. «Студенттер» көшесі. Мұз боп қатып жатқан іздер өткен-кеткенді айғақтап тұрғандай көрінеді. Қала іші у да шу. Жаным бір тыныштықты іздегендей, қадамдарым ойланбастан-ақ өзіне жаттанды жолдарымен жүруге асығуда. Аспанға қарап, бір көз тіктім де, шаршап жүргенімді ұмытып, күлімдедім. Сол жолдардың бұралаңына түсуге тағы да асықтым. Бұл жол қайда апарады, ол мені неге өзіне шақырып қайта-қайта алаңдатып қарайлатады? Жолдар, жолдар...

Балалық шақ. Әрқайсымызға тиесілі«өмір» атты фильміміздің ең алаңсыз кадрларының үзік-қиық сәттерінің естелік көріністері...

Дүние есігін ашқаннан өз қылықтарына сүйіндіріп, кішкене ғана өнердің ұшқынын байқатып, ата-анаңның жүрек түкпірінде бір үмітті оятатын ең тәтті кез. «Міне, осы баладан бір нәрсе шығады, түбінде бізді асырайтын осы болады»-деп мерейімді асырып, қанаттандырып отыратын ата-анамның лебізі жадымда мәңгі сақталып, құлағымда қалыпты. «Сен өскенде кім боласың?»-деген сұраққа: «Мен өскенде суретші боламын» -деп сәбилік нәзік үнмен шаттана жауап қайтарған кездерім көз алдымнан көшкен құмдай судырай тез өтіп кеткеніне таңым бар.

Уақыт шіркінді қайтара да, ұстай да алмайсың деген сөздің қадіріне енді ғана жетіп жүргендейміз. Сол уақыт еншісінде қалып қойған мына бір сәттер әлі көз алдымда. Аға-апамның қалам-дәптерін алып, тығылып сурет салатынмын, сондағы салатыным - жылқылар мен қыздардың ғана бейнесі болатын. Кейде анама салдырып алып, көшіріп салуға тырысатынмын. Бейнелеу өнеріне қызығушылығым соншалық, бірде ауылда күн райы бұзылып, найзағай жарқылдап, жаңбыр нөсерлеп жауған күні жарық та өшіп қалғантұғын. Кеш қараңғылығы түсіп, күн ұясына батқан сәтте шам жарығымен сықсыңдап отырып анама қоймастан «Суретші Гүлайым» деп жаздыртып алып (ол кезде әліппе де үйренбеген едім), оны қайта көшіріп, әдемілеп бояп, гүлдермен көмкеріп, Берік ағама қағаздан қайық жасатып, нөсер жауынның лайланып ағып жатқан ағысына қосып, көк мұхитқа жібергендей күй кешіп, аяғымды балшыққа мала жүре сол арман кемесін сумен ағызып жібергенімді балалық арманымның шұғыласы деп бүгінге дейін ойға бата отыра еске аламын. Менің бұл арман кемем шағын ғана теледидарымыздан көріп, қайталап жүрген қылығым болатын . «Арман кемесі» маған үлкен шабыт, «өмір» теңізіне қарсы тұратындай тылсым күшті бойыма дарытқандай күйге енемін. Ертеңіне нөсерлеп жауын жауып өткен далада біздің көшеден бір топ бала боп балшықтан үй жасап, «өскенде менің үйім осындай болады» деп бір-бірімізден асып түсуге талпынып, мақтанатынбыз. «Менің қызым суретші болады»-деп әкемнің маңдайымнан иіскеп, сүйгені менің осы өнерді тастамай, соңына дейін күресуіме көп күш берген.

Терең ойдың құшағында келе жатып, діттеген жеріме де жетіп қалғанымды аңғармай қалыппын. Студент атанғалы ауылыма әлі де жол тартпаған екенмін. Үлкен сағынышпен енді Қызылобама жол тарттым. Күні бойы бір мақсатқа қадалып қалған ойыма еркіндік бердім де, өзіме : « Мен не үшін өмір сүріп жүрмін? Ата-анам , бауырларым сеніп отырған мына мен олардың үмітін ақтап жүрмін бе? Тым құрығанда, олар мақтанып айта алатындай иненің жасуындай болса да бір әрекет жасай алдым ба ? » - деген ойлар жырақ жүрген сайын жиі мазалайтын болғанын байқап жүрмін. Әр секундтың қадірін білмегеніміз былай тұрсын, өтіп жатқан уақыт өміріміздің бір бөлігі екенін ескере бермейміз. Мәңгі жас боп қалардай ойнаймыз, күлеміз. Өткінші өмірдің тұрақсыз сәттері бірде күлкі сыйласа, бірде қара бұлт төндіріп, қара тұман арасынан қайғы-қасіретпен қаттырақ сынап жібереді. Көлік терезесінен ағаштарға көз сала келе жатып, құлап жатқанына көзім түсті. Содан біз қанша мықты болсақ та, бізден де күштірек күш иесі барын ұмытпағанымыз жөн-ау деп ойладым. Кей жерлерден жетімсіреп тұрған жалғыз талдарды көрдім де, армансыз, мақсатсыз әлі күнге дейін көкірегін көтеріп жүрген кей адамдарды ойладым. Бірақ өзімнің әйтеуір бір бұлыңғыр ертеңге шырағым болып көмектесетін айқын мақсатым барын ойлап, сабама түстім. Айналамдағы әуенді де, өзге жандарды да сезбеймін. Тек мен және менің ойым ғана жалғанды жалпағынан басып тұрғандай. Бірде алаулап от болсам, бірде көңіл құсын шарықтатар өзім де тыңдап көрмеген, өзім де мойындап көрмеген құпиялар өздігінен ақтарылып, сыр шертіп жатты.

Дәл осы күнге дейін жеткізген Аллаға және ата-анама ризашылығымды айта келе, менің биік тұғырға көтерілуіме күш беретін, маған қанат бітіріп, шабыттандыратын нағыз себептерді ақ парақ бетіне қаламмен шимайлағалы отырмын.

Үлкендер Құдай қатты сынды көтере алар пенделеріне ғана береді деседі. Өткінші өмірдің сын сағаттарында Құдай сүйген құлдарын қалай сынаймын десе, пенделердің оған мойынсұнбаққа амалы жоқ. Өмір бізге қатты дауылын құлатайын деп емес, қиындыққа, жалғыздыққа, өмірдің бар сынақтарына төтеп берер қайсар мінез бен қанат бітіру үшін жіберсе керек .

Қай кезде де бала көңіл алысқа көз тігіп, жылы сөз бен жылы қабақ танытар жандарды іздері сөзсіз. Бейкүнә жаутаңдаған көздер тіпті жанынан өткен-кеткен адамдардан жылы сөз естіп, шашынан бір сипаса қалай марқайып қалар еді. Жалғыздың күйін кешкен жалаң аяқ баланың туған анасынан небәрі 6-7 жас шамасында айырылып, тағдырдың тауқыметіне әжесімен бірге қарсы тұрып, бүгінге дейін жүрегіне қадалған қанжардың ізін де көрсетпеуге тырысқан қайсар жан бүгінде «тіл-көзден сақтасын » бақыт пен шаттыққа толы қара шаңырақтың иесіне айналғаны санамда мақтаныш сезімін ұялатады. Рухын сындырмағандар бәрін жеңеді деген осы болса керек. Бұл сұлба мәрмәрдан қашалып жасалған жалғыз таяғына сүйенген ақсақал мүсіні емес, ет пен сүйектен жаратылып, үскірік аяз бетін шымшылап, аяғына сыз өтіп қарығанына қарамастан өзі жетпесе де, ұрпағына көрген қиыншылықтардың бірін көрсетпес үшін бек мақсат қойған, киелі қазақ топырағында аунап өскен, қарға тамыр бабамыздың - отқа салса жанбас, суға салса батпас, мың өліп , мың тірілген, сөздері тіліп түсердей өткір, суық жүзді болса да, жүрегіндегі тамшы мұздың ызғары оның жанын қаншалықты ызғар боп қарығанын сыртқа шығара көрсетпеген қайсар әке. Тарих сырларына үңіле қарасақ, бұл қиыншылықтармен жапсарлас заманның да қасіреті алға жылжуға аяққа тұсау салса керек. Өзгемен бірге көрген аштықта «құмаршықты» азық еткен тарихи іздерді әкемнің жазған «Ғасырнама» өлеңін суретші ретінде көңілге түйіп, көзге елестетемін. Бүгінде кішкентайынан ауыр жұмыс істеп, бүгіліп қалған белдері жанын сыздатып ауыртатынын жиі байқаймын. Қапшықтап жинаса да ақша қолдың кірі болары хақ. Білім болса өмірлік таусылмас қазына, байлық.

2016 жылдың наурыз айы. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да жоспарланған « Жас дарын » байқауы туралы естуім бар еді. Қалаға бір жолым түскенде университетке соға кетуді жөн көрдім. Адасып жүріп тапқан жетінші оқу ғимаратына алғаш аяқ басқан кезім, мұндағы әр нәрсе мен үшін өте таныс, ерекше ыстық боп көрінді. Мүмкін менің қалаған нағыз арман ордасы қиялымда дәл осылай өрілуі бір-бірімен ұштасқандағы сезім бе еді бұл?! «Жас дарыннан» БҚМУ-ға жолдама ұтып алуым – жасырған жұмбағымның жалғасы іспетті болды. Сол қадаммен алға баса отыра көптеген жетістіктерге жетуіммен 11 жылдық мектебімді аяқтар жыл да келіп жетті. Болашақ маман атану үшін ҰБТ-ны жақсы тапсырып шығу - басты мақсатымыз. Нәтижелер жаман емес, ең бастысы - қандай мамандыққа барарым, қай қалаға оқуға тапсырарым айдай анық. Жинаған балым мамандығыма жеткілікті екеніне сенімді болдым. Ата-анам күткен үміттің жібін үзбей, қалаған мамандығымның иесі атану бақыты күтіп тұрғанына аса сенімдімін. Оқуға құжат тапсырар кез әбден таяп қалды. Құжаттар тапсыру үшін ең бірінші күні оқуға өтініш жазуға асыға жеткен едім. Менің мамандығыма небәрі Республикалық конкурсқа 15 қана грант бөлінгенін естігенімде төбемнен жай түскендей күйге ендім. Конкурстық балым - 96 шүкір дейін десем де, менен де жоғары жинаған 15 адам бар шығар деген күмәнді ой санамды торлап алды. «Жылдар бойы аңсап келген арманымның күлі бір сәтте көкке ұша ма? » - деген қорқыныш менің жанарыма дәл сол сәт жас торлатпаса да, іштей жанымды жегідей жеп бара жатты. Өтініш қабылданатын соңғы күн. Қабылдаудың соңғы санаулы ғана сағаттары қалды. Соңғы шешім менде. Бір қоңырау, бір ауыз сөз... «Қандай жағдай болмасын, өз қалаған мамандығыңда қал!»- деген бір сөз, сол бір-ақ сөз жанымды жадыратып жіберді. Қиындықтарға берілмеуіме және менің өзім қалап таңдаған М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ға түсуіме себепші осы бір ауыз сөз менің өмірімнің арнасынан адаспауына себепші болды.

Өзгелер шыңнан жүрсе де құлап,
Армандарыма салдым мен құлақ.
«Ұшпайсың» - деді біреу қалықтап,
Біреулер жүрді қызғана қарап.
Арманым мені тәуелді қылдың ,
Жіпсіз үмітпен мақсатқа байлап,
Жазушы мені жасағың келді ,
Жан-жүрегімді шабыт боп шарлап.

Мен мақсатымнан бас тартпадым, жаңа мүмкіндіктердің есігі ашылды. Өзгелерге айтарым: « Армандарынан ешқашан бас тартпағандар оған қалай да қол жеткізері хақ !» Вольтер айтқандай: « Өмірдің мәнін көру үшін адам армандау керек». Ал менің пікірімше:

Ойдың кедейлігінен сақтаныңыз.

Үлкен қиындықтарға баруға жүрексінбеген жөн.

Дәл осы күннен бастап жеңістің тәтті дәмін татуға әбден лайық болар мақсаттарыңның тежегіші – сенімсіздік пен қорқыныштың құрығында қалып қоймаңыз.

Жеңіске жетуді бүгіннен баста!

Ертеңіңнің атар- атпасы ешкім білмес жай.

Өзіңді өзгелерге мойындатуға асыққаның үшін ешкім сені жазғыра алмайды.

Сенің әрбір қадамың-тіпті ең кіші деп санаған қадамың-өміріңде үлкен маңызға ие болуы мүмкін.

Тәуекелден еш қорықпа! Ал сәтсіздікті жеңіліс деп білу - мақсат жолындағы ең сорақы қателік.

Мүмкіндік пайда болған кезде - шекара деген сөзді ұмыт!

Басқалар «сенің қолыңнан келмейді » -деп кеудеңнен итерсе, ондайда ештеңеге ұмтылмай, жолда қалатындардың қылығы екенін есіңе ал.

Ең бастысы – сынбау.

Күллі әлем мойындаған жазушы болмасаң да, өміріңнің басты жазушысы, басты әртісі тек өзің екенін естен шығарма!

Таңдаудан қателеспеген, өткенге өкінбеген жақсы-ақ! Әзірге менің жеңістерімнің ең үлкені - дәл өзім таңдаған университеттің студенті болып, мемлекеттік грант иегері атанғаным.Қиялыма қанат қағып,биікке самғар сәт - дәл осы баспалдақтан бастау аларына аса үлкен сеніммен қараймын! Бұл әлі бастамасы ғана деп білемін. Себебі, БҚМУ – менің армандарым мен мақсаттарыма жаңа қадам !

Гүлайым ҚУАНЫШҚАЛИ,
ИИЧ-11 тобының 1-курс студенті

Мен қайратты қаһармандарды қалыптастыратын қазақтай қайсар елдің құлпырып өсіп келе жатқан қарапайым қызғалдағымын. Менің кеудемдегі жұмыр етім жүрегім, алып асылым, барым, байлығым, құнсызданбайтын қасиетті қазынам, ол - Қазақстан! Өзге елдерден өресі биік тұрған маңғаз елім - менің құлдырамас қорғаным, мәрт мақтанышым. Осындай ұлы елде ғұмыр кешіп жатқан мен - бақытты перзентпін. Қанша толғаныспен айтсам да тамашасы таусылмайтын, бағзы заманнан бастау алған рухани байлығы сарқылмайтын, мың мемлекет келсе де тұтастығы мен татулығын тарқата алмайтын, тәңірім тағдырын ұзақ еткен, ұлы елдің ұланы мен бақытты болмай кім бақытты болмақ?

Мен - өз елімнің ПАТРИОТЫМЫН

Біздің еліміз ежелден егемен, дәстүріне адал, күшіне бекем. Тәуелсіз ел болып қалыптасу барысында мемлекетіміз талай сүрлеуі соқпақ жолдарды кешіп, небір қиыншылықтарға төтеп беріп, ұзақ жылғы шытырмандарды басынан кешірді. Осыдан 550 жыл бұрын жер бетінде, Еуразия жүрегінде, бүкіл әлемде десек те болады, бұрын-соңды болмаған, өзге мемлекеттерге салқындық көрсетсе де, өз мемлекетінің ержүрек екендігін мойындатқан семсерлі сақ мемлекеті мен ғаламда аты шыққан Мөдедей мықтысы мемлекет тізгінін мұқатпаған мәрт, ғаламат ғұндардың асыл заттарының сынығы ретінде қалыптасқан «Қазақ» атты қайсар мемлекет құрылған болатын. Жалпы, біздің еліміз өзінің еркіндігін ежелден-ақ өзгелерге ерекше көрсетті. Қас батырларды тәрбиелеп, әділ хандарды туғызған, аруларын аңыз еткен біздің ел - ұлылық пен дархандықтың символы. Ұлтымыздың қандай екенін өзге ұлттарға ертеректе ұлыларымыз ұтымды сөздермен ұғындырған болатын.

Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз,
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөзді асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәмі, тұзын ақтай білген елміз,
Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,
Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды.
Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.

Иә, еліміз еркін, өжет, өміршең халық. Оны Қазыбек би отты сөздерімен көркемдеп, сендірген болатын.

Менің елім - әлемдегі теңдессіз мемлекеттердің бірі. Еліміздің ертеңі айқын, болашағы жарқын. Әрине, өзгелер таңданыспен, тамаша толғаныспен қарайтын кең-байтақ жеріміз бізге оңайлықпен келген жоқ. Ержүрек батырларымыздың жүректілігімен, білектілігімен, азаттық үшін айқасқан батылдығымен, талай жерге тамған қан мен тамшылып аққан маңдай тердің арқасында келді. Бізге ертеректен аманатқа қалған бұл Жер-Ана бізге алтыннан да қымбат болып есептеледі. Сонау ықылым заманның қиындығын біз көрмедік. Десек те, бабаларымыздың жанқиярлықпен шайқасқан ерліктері бізге мәлім. Сондай азапты қиындықтарды еңсере білген біздің қазақ - мықты халық.

Мен елімнің ертеңіне сенемін! Қазіргі таңда кемеңгер Елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында бірлігіміз жарасқан тәуелсіз мемлекетпіз. Шүкір, елімізідің мәртебесі өзгелерден биік. Мемлекетіміздің негізгі нышаны болып есептелетін еңселі елтаңбамыз, байрақты көк туымыз, айшықты әнұранымыз бар. Бұл - біздің асқақтығымыз бен ғажаптығымыздың белгісі. Біздің болашағымызды айқындап берген, сонау тереңде жатқан тамырлы тарихымыз еліміздің ірге тасын нық қалап берген болатын. Сол ұлы қорғанның арқасында біз жан-жақты дамып келеміз. Жеріміздің көлеміндей, мемлекетіміздің атақ-даңқы, абыройы шартарапты шарлады. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің жаңа бағыттағы жыл сайынғы жаңаша жолдауларын халқымызғы жан-жақты түсіндіріп, оны орнымен орындатып келеді. Бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу үшін елдің экономикасын жүйелі түрде мықты қарқынмен дамытуда. Сондай-ақ Елбасымыз жастарға үлкен сенім арта отырып: «Еліміздің болашағы білімді жастардың қолында»-деген болатын. Шыны керек, қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман. Сондықтан да біз, жастар, даламыздың дархандығын, жақсылардың жайсаңдығын, арда азаматтардың асылдарын бойымызға жиып, елдің мәңгілік мүддесі үшін ерінбей еңбектенуіміз керек. Бұл - әрбір есті азаматтың ерекше қағидасы. Маңыздысы, егеменді Қазақстанның арда азаматы болайық!

Жадыра ҚҰЛТАЙ,
фил-13 тобының студенті

Сегодня Западно-Казахстанский государственный университет имени Махамбета Утемисова – современный научно-образовательный центр Западного Казахстана. Созданный в 1932 году как учительский институт для подготовки национальных кадров, университет в 2017 году отметит свое 85-летие. ВУЗ имеет в своем арсенале 6 факультетов, три научно-исследовательских института, лаборатории с новейшим оборудованием, три студенческих общежития, 8 учебных корпусов, дворец спорта.

Одним из интереснейших факультетов университета является факультет культуры и искусств, на котором готовят специалистов в области Прекрасного.

Так рождается искусство

Закулисье творчества

Обязательно побывайте на кафедре изобразительного искусства и дизайна. Если в вас теплится хоть малая искорка творческого взгляда на окружающий мир – и пусть вы никогда кисти и карандаша в руках не держали – посетите кафедру. Стоит попасть туда, как вас погрузят в мир живописи, смутят запахом клея и плавящегося металла из мастерских, заворожат стуком швейных машинок и ткацких станков. Шумный и веселый студенческий люд здесь сосредоточен и молчалив. В особой атмосфере напряженной тишины фантазии обретают реальные очертания – на бумаге и холсте, металле и дереве, в гипсе и ткани, в войлоке и мехах.

Стены скучного по сути, длинного коридора с типовыми холлами с недавнего времени украшены картинами студентов. Здесь невозможно быстро добежать до нужной аудитории. Каждая новая картина, как окно в неизведанный мир, останавливает, приковывая взгляд. И ты уже далеко не в учебном заведении, а в картинной галерее.

-Мы достали из хранилищ дипломные работы наших выпускников, лучшими из них украсили стены, - рассказывает заведующая кафедрой изобразительного искусства и дизайна очаровательная Жанна Советовна Кайнбаева. – Хотелось создать атмосферу красоты, погружения в искусство. Это важно как для студентов, так и для преподавателей.

На кафедре работают 23 преподавателя, из них 4 кандидата наук, 6 магистров. Четверо являются членами Союза художников, трое – члены Евразийского союза дизайнеров.

-Наша кафедра была создана на основе трех кафедр бывшего худграфа, факультета, созданного почти 40 лет назад. Любое слияние или разделение, что особенно ощутимо в коллективе творческих работников, - это как резать по живому. Но наши преподаватели справились со всеми трудностями притирки, с периодом застоя, организационными перестановками. Сейчас это очень дружный коллектив, способствующий любому творческому порыву, - рассказывает о своей кафедре Жанна Советовна.

Незримый труд

В масштабах факультета культуры и искусств, да и всего университета, на кафедру возложена ответственность обслуживания мероприятий в плане их оформления. Это большая, трудоемкая работа. Художники, дизайнеры, прикладники оформляют выставки, вынося на суд зрителя свои работы. Все это делается быстро и профессионально, и как показал опыт – с большим вкусом. К сожалению мастеров, есть обратная сторона всех этих выставок. Макеты, дизайнерские работы, работы прикладников очень хрупкие, частый перенос с места на место вредят им, некоторые из них ломаются. Порой после выставки вся красота бывает потеряна.

Не обходятся без сотрудников и студентов кафедры при оформлении кабинетов, музеев, создании баннеров, пригласительных билетов.

Это будни кафедры, и работа эта практически незаметна для постороннего глаза. Но бывают в этом коллективе и праздники.

Искусство дружить

Именно праздником стал для кафедры приезд Рама Виранжана, доктора PhD философии искусства, председатель департамента изобразительного искусства университета Курукшетра (Индия), видного художника по приглашению ЗКГУ им. М.Утемисова.

-Мы расцениваем приглашение на кафедру профессионала столь высокого как подарок на юбилей – в 2017 году исполняется 40 лет со дня создания в нашем вузе худграфа.

Очень интересна история знакомства с доктором Рамом Виранжаном. Жанна Советовна, просматривая новости мира живописи, поставила «лайк» понравившейся картине на странице в фейсбуке и предложила «дружбу» автору. И к своему удивлению получила письмо, завязалась переписка, которая обнаружила много общего на профессиональной платформе, совпали даже должности. Приглашение доктора Рама Виранжана последовало практически сразу, однако поездка не была в планах Жанны Советовны.

-И тогда я предложила приехать ему к нам, в Уральск. К моему удивлению, он согласился. Было решено оформить официальное приглашение ученого через департамент Болонского процесса ЗКГУ. Когда все формальности были завершены и осталось только встретить гостя, вдруг стало страшно. Сможем ли мы соответствовать уровню профессионала мирового масштаба в области живописи? Но должна сказать, что приезд художника показал единение коллектива, и, несмотря на небольшую материальную базу, мы увидели перспективы. Нам есть, куда расти, - делится своими мыслями завкафедрой Жанна Советовна. – Благодарим руководство нашего университета, лично ректора Асхата Салимовича Имангалиева за поддержку нашей инициативы.

К слову, по окончании своего пребывания Рам Виранжан на встрече с ректором подарил прекрасную картину, в которую вложил все мастерство и талант, чтобы оставить для новых друзей частицу своей души. По традиции, гости удостаиваются даров, и это был первый случай, когда подарок был сделан гостем.

Первый снег и другие впечатления

Две недели пребывания доктора Рама Виранжана были очень насыщенными. «Как любой творческий человек, я ищу и приобретаю впечатления, поэтому очень люблю бывать в новых местах, знакомиться с новыми странами. И всем советую стараться как можно чаще

путешествовать, это развивает человека, его профессиональные качества, обогащает душу, позволяет создавать новое», - говорил на встрече с преподавателями и студентами Рам Виранжан. Он впервые в Уральске, и впервые увидел настоящий снег!

Он посетил музей Пугачева – жемчужину Уральска, где в одном домике практически собрана вся история старого Уральска, жизни и быта его жителей. Восторг вызвал Собор Архангела Михаила, где пообщался с настоятелем собора. Преподаватели также показали гостю музей А.С.Пушкина, где ему разрешили посидеть за столом, за которым работал сам великий русский классик. Краеведческий музей открыл для художника всю полноту истории края, разнообразие природы, богатство культур разных этносов. В городском выставочном зале посетили выставку самарских художников, а в художественной галерее «Текемет» познакомили с современным искусством казахских художниц Тогжан Бабиевой и Салтанат Куспаевой, выпускниц ЗКГУ.

Настоящим открытием Уральска было посещение новой части города. После знакомства с музеем Кадыра Мырзали, художник в сопровождении преподавателей и прекрасного консультанта-переводчика из центра Болонского процесса ЗКГУ Айгирим Умиталиевой совершили прогулку по новой площади, прошлись по прекрасной аллее, на которой в это время проводили мероприятие по озеленению участники движения «Жасыл ел». «Жасылелевцы» сажали елки. Увидев это, Рам Виранжан обратился с просьбой тоже поучаствовать в этом добром деле. Руководство «Жасыл ел» конечно дало возможность гостю из далекой Индии оставить о себе добрую память. Отныне на аллее будет расти елка, посаженная руками знаменитого индийского художника, единственная в своем роде. «Теперь мне обязательно надо будет вернуться в Уральск, ведь я породнился с этой землей», - сказал художник, который глубоко убежден в одушевленности всего сущего в мире.

Доктор Рам Виранжан встретился со студентами музыкального колледжа им. Курмангазы, учащимися художественной школы им. С.Гумарова. В гостях у ветерана кафедры Исатая Утегеновича Утегенова погрузился в мир казахского гостеприимства. Уважительное отношение к гостю в традиции и индийского народа тоже. Сам Рам Виранжан из небогатой семьи, жил в деревеньке, но со школы желал учиться в университете. Благодаря своему таланту он поступил в университет и сам оплачивал свою учебу, продавая свои работы.

Считая себя частью коллектива, доктор Виранжан пригласил преподавателей в ставший на две недели домом номер в университетской гостинице. По словам Жанны Советовны, художник необычайно гостеприимен.

-В роли радушного хозяина он был неотразим! Как и обещал, доктор Виранжан угостил нас необычайно интересными блюдами из традиционной индийской кухни. Ароматы пряностей, привезенные из далекой страны, радушие хозяина, его необычайное обаяние по-новому открыли для нас знакомую еще со старых боливудских фильмов Индию. Очень разносторонний человек, он практикует йогу, и для нас продемонстрировал несколько упражнений для оздоровления, чем окончательно очаровал нас.

Счастливые будни

Цель своего приезда Рам Виранжан определил как обмен опытом. Доктор Виранжан провел в ЗКГУ мастер-классы на тему «Техника акриловой живописи в современном искусстве», семинар «Искусство как средство интеграции личности в мировую культуру» для преподавателей и студентов кафедры изобразительного искусства и дизайна. «Вашим художникам непременно надо приехать в наш университет, чтобы закрепить опыт общения», - сказал художник. На проводимых для студентов и молодых преподавателей мастер-классах он делился новыми методиками. Авангардная живопись с восточными нотками, философский взгляд на мир, на искусство – определяющие в стиле и жанре художника Рама Виранжана. Яркость красок, внимание к деталям, как отметили наши студенты, делают его работы неповторимыми.

Открытием в мир высокой живописи стало посещение мастер-классов студентами первого курса специальности «изобразительное искусство». Айнур Кудайбергенова открыла новый мир в акварелях индийского художника: «Абстракции были и непонятны и в то же время красивы, будто напрямую общались с душой зрителя, минуя его сознание. На встрече со студентами он много рассказывал о развитии искусства в Индии, историческом следе в творчестве многих художников».

-Сам доктор Виранжан рисует в разных жанрах, но любит только акварель, - поделилась впечатлениями Асель Ерболатова. – Он признался, что любит рисовать портреты женщин, особенно тонко прорисовывает руки, кисти, движение пальцев, передавая настроение героини. Рассказал, что, работая над портретами, узнает ее мир, страну, традиции народа. Также с огромным удовольствием рисует красивые места стран, где он бывает.

Для Жадыры Омаровой было важно познакомиться с новыми техниками нанесения рисунка, которые продемонстрировал на мастер-классах художник.

-Портреты, пейзажи, абстрактные рисунки очень красивы. Он хорошо передает глубину цвета, характер и настроение. Картины, написанные масляными красками, прекрасны, но его акварели просто невероятны! Я рада, что мне удалось приобрести новые знания, навыки у такого прекрасного педагога и мастера кисти.

Искренность в своем стремлении делиться знаниями отметили все, кто общался с доктором Рамом Виранжаном. Художник смог за короткий срок вдохновить окружающих, поразив всех оптимизмом, человеколюбием и преданностью к искусству.

Курс лекций доцента Гульнары Сидегалиевны Умаровой по литературному краеведению ознакомил нас с информациями о посещении Уральска классика русской литературы Пушкина (1833 г.) и будущего автора словаря Даля. Александр Сергеевич Пушкин собирал материалы к «Истории пугачёвского бунта», беседовал с казаками, знавшими Пугачёва. Все собранные материалы стали основой для создания повести «Капитанская дочка». А Владимир Иванович Даль кочевал между казацкими станицами и казахскими аулами, записывал песни и сказания, одним из первых изучил казахский народ и его язык, ознакомил Россию со степью в произведениях «Майна», «Бикей и Мауляна».

Л.Н.Толстой гостил в 1862 году у своего товарища по Севастополю наказного атамана А.Д.Столыпина, отца будущего реформатора, по впечатлениям от поездки написал рассказ «За что?».

Не только с русской культурой связана уральская земля. К ней имеет отношение и классическая татарская поэзия. Известный татарский поэт Габдулла Тукай начал своё творчество именно в Уральске. Позже на улице А.Тайманова основали его музей.

Более подробно познакомиться с бытом, культурой и историей можно по книгам и очеркам уроженцев города И.И.Железнова и Н.Ф. Савичева.

Также стоит отметить архитектуру этого замечательного города. Одно из старейших и уважаемых зданий Уральска — Атаманский дом, резиденция наказного атамана. Его фасад украшен мемориальными досками, свидетельствующими о том, что именно в нём останавливались во время приезда в Уральск великие Пушкин, Жуковский, Даль, Толстой.

Нам удалось посетить интеллектуальную школу Назарбаева. Действительно, очень хорошая возможность для развития детей и мощная обучающая площадка. Таким образом, мы поняли, что культура и история Уральска очень богатая. Здесь можно не просто отдохнуть душой и телом, но и пополнить свой багаж знаний, повысить уровень эрудированности. Спасибо, Уральск, за теплый прием и массу незабываемых эмоций! Спасибо всем жителям за гостеприимность и доброту, мы долго не забудем эту поездку!

Ольга ЧИЖИКОВА, Марина ХАРЧИСТОВА,
студенты УГПУ им. И.Н Ульянова

Үздік топбасшы

Қараша айының 10-шы жұлдызында 1-курстар арасында «Үздік топ басшы» байқауы оздырылды. Бұл байқауға қазақ филологиясының 1-курс студенттері топ басшыларымен қатысты.

Әр топ өз ұйымшылдығын көрсетіп, бар өнерлерін паш етіп, филолог екендерін дәлелдеді. Қызықты қойылымдар қойылып, актерлік шеберліктерімен таңғалдырды. Фил-11 тобы осы орайда топпен бірге «Соқыр ана» қойылымын қойып, көрермен көзіне жас үйірді. ҚТӨ- 11 тобының топ басшысы Арман Ғабдықұлов Махамбет Өтемісұлының портретін салып, таңдай қақтырды. Сонымен бірге, ФИЛ-13 тобының топ басшысы Әселханым Ғайнеден әсем даусымен, нақышына келтіріп, өлең оқыды. Топ басшылар тек өнер саласында ғана емес, білімділіктерін де дәлелдеп, «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» айдарында ситуациялық сұрақтарға жауап беріп, жағдаяттан шығу жолын қарастырды. Міне, бірінен бірі қалыспайтын, сайыс десе жандарын салатын топ басшылары сайысы өз мәресіне жетіп, қара қылды қақ жарып әділдігін білдіретін қазылар алқасы «Үздік топбасшы» аталымын Фил-11 тобының басшысы Айгүл Төлен еншіледі. Жүлделі екінші орынды ҚТӨ-11 тобының топ басшысы Арман Ғабдықұлов алса, үшінші орынды Фил-13 тобынан Әселханым Ғайнеден еншіледі. «Үздік топбасшы» атағын алған Айгүл Төлен Қазақстан эстрадасының жарық жұлдызы Төреғали Төреләлінің ән кешіне тегін билетті ұтып алды.

***Аяжан САГИЕВА,** ҚТӨ-13*

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А.Байтұрсынов

Журналист
(Journalist)

№10, қараша, 2016 жыл

Тіл Римге жеткізер

Мен ашқан Америка...

Шет ел түгіл өз елімнің бел қалаларын көрмеген, Ақжайықтың кең байтақ даласында аспан жерге тиіп тұр екен деп, қуып жету үшін көкжиекке қарай жарыса жүгіретін қырдың қара домалақ қызы, аузын айға білеген Американы көреді деп өзге түгіл өзімнің де үш ұйықтасам түсіме кірмейтін... Арман адамға қанат емес пе. Асылы, армансыз адам алысқа бармас-ау. Арманы жоқ тұлғаның пәрмені жоқ дейтініміз де осыдан. Беу деген-ай, бірден Астана, одан тікелей Нью-Йорк. Жақындарымның жартысы «жалғызсың ғой» деп үрейленді, кейбірі *«Жәкөн өлмес»* деп бірден қолдай түсті. Іщті бәрібір күдіктің билегені рас. Әрине, қорықтым, сонда да тәуекел деп «біссіміләмді» айтып, «Аят әл курсиімді» оқыдым. Содан болар Аллам жолымды оңғарды...

Венадағы алып әуежайда екі сағаттай адасып, ойда жоқта Гүлмира есімді елорданың қызымен таныстым. Нью - Йоркта өзінің жанына ілестіріп алып, қонақ қылды. Алла разы болсын! Дәу қаладағы сезімді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Бетіне қарасаң, жымия жөнелетін, танымаса да, «Hi, How are you?» деп амандасатын американдықтар, жылтыраған үп-үлкен «LED» экрандар және биіктігіне көз жетпейтін ғимараттар еріксіз баурап алды. Бұның бәрі мен үшін түс секілді. Ертесіне Джон Кеннеди өскен Массачутес штаты, Хаянис қаласына, яғни, жұмыс орныма келдім. Сол жерге үйренісіп қалған достарым көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алды. Әлеуметтік желідегі «АҚШ-тағы 11 қазақ» қызықты хикаялары сол күннен басталды. Біздің негізгі мақсатымыз белгілі «Work and Travel» атты бағдарламамен ағылшын тілін жетілдіру, өзге елді жақынырақ білу және алып державаның мәдениетімен танысу болатын. Ойлағанымыз жұмыс істеу барысында жүзеге асты. Аталмыш бағдарламаны мектеп қабырғасында оқып жүрген кезімде естігенмін. Қызықтым. Армандадым. Бірақ мақсат қоймадым, мүмкін желкенің қыры жібермеген шығар. Әбден үшінші курсқа келгенде ғана баруға шешім қабылдадым. Үйдегілер де түсіністікпен қарады. Ол бағдарламаға қатысу үшін жалпы ағылшын тілін

ұғынып, диалог құрай сөйлесе білуің керек. Ешқандай да тесті я болмаса деңгейді де қажет етпейді. Мен қыркүйектен сәуірге дейін ағылшын курсында оқыдым. Көп уақыт бөлгеніме өкінбеймін, біраз нәрсе үйрендім. Сұхбаттасуда бақтары жанып, ешқандай курссыз- ақ виза алғандарды кездестірдім. Иә, бақ шаба ма, әлде бап шаба ма. Бұған қоса айтарым, аталмыш бағдарламаға қатысу үшін агенттіктер көмектеседі. Шет елдегі жұмыс орның, тұрғын үйің, медициналық сақтандыруың, елшіліктегі сұхбаттасуыңды жүзеге асырады. IEC немесе ЦМО –Халықаралық алмасу орталығы агенттігі маған көп қол ұшын берді. Өзгелерге де осы бағытты ұсынар едім. Мақтана айтатын бір оқиғам – банктегі кездесуім. Құрбым екеуміз кезекте тұрғанда алпысты алқымдаса да заманауи әже «Сіз Қырғыз еліненсіз бе?» деп сөзге тартты. Шетелде жүргенде өзің білетін тілде сөйлеген жан көрсең қуанасың. Біз «Жоқ, біз – қазақстандықпыз!» деп, содан әңгіме жалғасын тапты.

Барбара есімді грек азаматшасы, кеңес үкіметі кезінде Кавказ жерінде дүниеге келген кейін ОҚО, Мақтаарал ауданы, Ильичевка ауылына қоныс аударған. Өкінішке орай, тәуелсіздік алғаннан кейін Өзбекстанның аумағына бөлінген. 14 жасына дейін қазақ жерінде өсіп, қазақ мектебінде білім алған. Бойжеткен шағында ата-анасымен өз ата-жұртына қоныс аударып, сол жақтан Америка азаматына тұрмысқа шығады. 1979 жылдан бері жоғарыда аталған қалада тұрады. Әр жыл сайын қырғыз, қазақ елдерінен келген студенттерді үйіне қонаққа шақырып, қолынан келген бар көмегін аямайды. Бізге де 3 ай көлемінде бар ақылын айтып, тәттілерін алдымызға тосып, туған әжемізден кем болмады. Менің жұмыс орным – мұхит жағалауындағы «Dockside» мейрамханасы. Мейрамхана иелері мен көптеген қызметкерлері Ямайка елінің азаматтары. Үш ай ішінде мені еркелетіп, өздеріне жақын тартып, ұмытылмас естеліктер қалдырды. Мен де қарап қалмадым, сол мейрамханаға елімнің кең байтақ даласы мен отанымның картасы бейнеленген сағатты сыйға тарттым. Әр күн сайын сол сағатқа қарағанда кеудемді ерекше елжандылық сезімі билейтін. Американдық тұрғындар өте мейірімді жандар жүрген жерлерінде төңірегіне жылы шыраймен, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды. Менеджерім, яғни мейрамхана иесінің қарапайымдылығы мені қайран қалдырды. Бұл қасиет көбімізге қажет-ау деген ойға қалдым, себебі адамға ең маңыздысы – білік емес, адамгершілік пен қарапайымдылық. Кеңірек айтсам, мені мейрамхана қызметшісі емес, қызы сияқты көретін. Басшы бола тұра, үлгермей жатқан жағдайымда жаныма келіп көмектесетін. Бастапқыда ұялып «керек емес үлгеремін» десем де, күлімсірей көмегін жалғастыра беретін. Бұл ісіне риза болып, қасымдағы достарыма әңгімелесем, олардың да жұмыстарында ұқсас жағдайлар жиі кездесіп тұратынын айтты. Сайып келгенде, аталмыш елдің азамат-азаматшалары өзіндік қарапайымдылықтарымен есте қалды. Мың рет естігенше, бір рет көріп мұхиттың арғы жағындағы халықтардан да бойға жақсы қасиет жинауға болатынын тілге тиек еткім келді. Негізгі міндетіміз 3 ай бойы жұмыс жасап, соңғы қыркүйек айы саяхаттауға берілді. Алғашқы саяхатымыз біз тұрған штаттың орталығы Бостон қаласынан басталды. Әлемге белгілі озық университеттерінде болдық. Джон Гарвард атындағы алып оқу орны мен «MIT» Массачусетс техникалық университеттерін аралап ерекше әсерде қалдық. Кешқұрым АҚШ елінің астанасы Вашингтонға қарай сапарымызды жалғастырдық. Қала өзінің ерекше тарихи ғимараттарымен ерекшеленеді. Ұлттық-дүниетанымдық тарихи мұражайы, американдық үндістердің ұлттық мұражайы, авиациялық ұлттық мұражай және ұлттық хайуанаттар бағын тамашаладық. Туристер қызығатын Ниагара сарқырамасының өзі неге татиды?! АҚШ пен Канаданы бөліп тұрған, Ниагара өзеніне барып, әлемдегі ең биік сарқырамалардың бірі Ниагара су бұрқымасынан өзгеше әсер алып қайттық. Ол жерге жыл сайын мыңдаған турист келіп, табиғаттың осы бір таңғажайып сыйын өз көзімен көреді екен. Су үстіндегі кемпірқосақты бұрын-соңды көрмеппін. Мен үшін бұл естен кетпес ес тандыратын көрініс болды. Сапарымыздың соңғы нүктесі әлемнің әйгілі шаһарларының бірі Нью-Йорк қаласымен түйінделді.

Иә, бұл сапарымның басы ғана. Алда талай алыс шетелдік қалалар күтіп тұрғанына сенімнем қараймын. Ол, әрине, өзіме байланысты. Қазіргі уақытта студенттерге қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, бос уақыттарын құр жібермей «Үш тұғырлы тіл» саясаты аясында өзге тіл үйренуге кеңес беремін. Арманмен ұйықтап, мақсатпен ояну керек. Көздегенімізге ізденісті еңбек арқылы жете аламыз. Замандастарыма да айтпағым осы, кеудеге жалынды жігер, күш-қуат, зейін барда еліміздің жас атаулыға жасап отырған мүмкіндігін пайдаланайық. Түпкі мақсат – туған жеріме қайтарымы мол еңбек ету, тер төгу.

Жаңылсын БАТЫРГЕРЕЕВА,
«ҚТӘ», 02402-топ

Жас тұлпар

Мөлдір – БҚМУ жұлдызы

Қашан да ақыл жас ұланнан, жүйрік тай-құнаннан болмақ дейтін Қазақ елінің Тұңғыш Президенті күніне орай университетімізде ұйымдастырылған «БҚМУ жұлдызы» байқауының қазіргі қоғамдағы сан алуан оқиғалардан хабардар етуші, қара сөзден бал тамызуға талаптанушы келешек маман иелері арасындағы «Жас тілші» аталымы бойынша филология факультетінің IV курс студенті Латифова Мөлдір Сәбитқызы *(«Филология: қазақ тілі» мамандығы, 02405-топ)* жеңімпаз атанды. Бұл жеңіске Мөлдір оп-оңай қол жеткізген жоқ. Біз білетін Мөлдір түйір нанды тамшы термен тапқысы келеді. Мөлдір еңбекті адамның екінші анасы деп біледі. Иә, еңбек пен бақыт егіз. Еңкейгеннің еңсесін еңбек көтереді. Еңбек кім-кімді де ширатады.

Әрине, бәйгеден ат емес, бап келеді емес пе. Мөлдіріміз университет табалдырығын аттаған сәттен-ақ өз болашағын осы журналистика саласына бағыштады. Бірінші курстан-ақ Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың жетекшілігімен университеттің «Өркен» газеті бетіндегі «Полиглот», «Шешендік мектебі», «Махамбет дауысы», «Патриот», «Журналист» жаршыларының бетінде жас тілші ретінде алғашқы тырнақалды мақалаларын ұсынып, бүгінде Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының «Журналист» жаршысының жауапты редакторы атанды. «Құсты қанат ұшырар, ерді талап ұшырар» дегендей, Мөлдір замандасымыздың талмас қанаты талапшылдығы ұнамды. «Талабы жоқ жас ұлың – жалыны жоқ шоқпен тең» деген осы. Ынта болса адамда қиын іс жоқ ғаламда екенін ескерсек, ізденген мұратқа жетеді. Бұл ретте Мөлдір кредосы: «Сен істі сүйсең, іс саған бас иеді». Демек, сүйіп істеген іс шаршатпайды. Тек жүрекке жақын, өз білік-дағдыларыңды ширатар дұрыс бағыт таңдай білгенге не жетсін.

«Жігіттің жұмсаған күшін сұрама, бітірген ісін сұра» десек, жас тілші ретінде Мөлдір басылым беттеріне *(оның ішінде «Ана тілі» Ұлт газеті де бар)* 50-ден аса мақалалар ұсынып үлгергені қуантады *(«Менің атым – Махамбет» // «Ана тілі» газеті, №47, 2015 ж., 26 қараша – 2 желтоқсан; «Махамбет рухы негізінде патриот маман баулу» // «Өркен» газеті, №9, 2015 ж., қазан; «Ұстаздардың ұстазы» // «Өркен» газеті, №8, 2016 ж., қыркүйек; «Жайықтың ақын қызы» // «Өркен» газеті, №9, 2016 ж., қазан, т.б.).*

Сөз соңында айтарымыз, тілшілік бағытында Мөлдіріміздің мол тер төге жүріп жеткен жеңісімен шын жүректен құттықтай келе, ілгеріде жұмысың жемісті, өмірің келісті болғай, еліміздің журналистика саласындағы жұлдызы ретінде танылғайсың демекпіз.

Баубек Бұлқышев атындағы
жас журналистер клубының мүшелері

«Журналист» (**«Journalist»**) жаршысының жауапты редакторы – Нәзік Ғазез *(«ФҚТ», 02405-топ)*, тілшісі – Ақбаян Таймұханова *(«ФҚТ», 02405-топ)*. Кеңесшісі – А.С.Қыдыршаев, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі.

«Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының басылымы «Исатай-Махамбет» ғылыми-педагогикалық,тарихи-әдеби, ақпараттық-танымдық журналының студенттерге арналған қосымшасы

МАХАМБЕТ дауысы

(Голос Махамбета - *Makhambet's voice*)

№8 (24), қараша, 2016 жыл

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,..
Ерлердің ісі бітер ме?!

Пока не оседлан боевой конь,
Пока копье не сожмет ладонь,
Пока не продолжен тернистый путь,..
Разве одержишь победу, Герой!

Махамбет

Тұлға

ТЕКТІ СӨЗДІҢ ЗЕРГЕРІ

Махамбет баба білім ордасы қашан да өзінің үздік дарынды түлектерімен мақтанады. Биыл университетіміздің сондай озық талантты түлегі Рахымжан Қасымғалиұлы Отарбаев 60 жаста. Бұл – «аспан асты, жер үстінде басы артық бақ та, сор да жоқ екен, Жаратқан ием бірінен жұлып алып екіншісіне беріп, жазған пендесін ақымақ қып, әуре-сараңға түсіретін көрінеді, бар-жоғы сол, - деп оғаш ой өретін Рахымжан Отарбаев.

Рахымжан Отарбаев 1956 жылы қазан айының 19-ында көршілес Атырау облысы, Құрманғазы ауданында дүниеге келген. Жазушының өз айтуы бойынша, әкесі – Қасымғали, анасы – Шәмсия. Өскен ортасы бұрынғы Теңіз ауданы, Ганюшкин селосы. Приморе орта мектебінде оқыған. Бүгінгі көз алдарыңыздағы қарымды қаламгер балалық бал дәурен тұсын еске алғанда: «Мен жастайымнан жалғыз бала болып өскесін, көп ойынға жас кезде әуес болмадым, үлкендердің қасында отырып әңгімесін құлағыма құйып өстім. Кейде олардың әңгімесіне кеселдік келтіріп алмаймын ба. «Апырмай, осы бала сөз аңдиды, далаға шығып ойнамайды да» деп отыратын еді үлкендер жағы. Мүмкін менің жазушы болуыма солардың,солардан қалған әңгімелердің ықпалы болған шығар. Бала кезде күйші де болғым келді. Күй, музыка қонбады, неге десеңіз,керемет күйшілер болды біздің ауылда, күйді бастағанда құйрығымен жорғалап көрпеден шығып кететін. Десек те, музыка қонбады, мүмкін сөзика қонған болар», - деп әзілдей болжам жасағаны бар-ды.

Рахымжан Отарбаевты біз бүгінде қазіргі қазақ әдебиетінің ел таныған көрнекті өкілі, бірегей дара жазушы-драматург, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің, Халықаралық Шыңғыс Айтматов атындағы сыйлықтың иегері, Махамбет сыйлығының лауреаты, академик Зейнолла Қабдолов медалінің иегері, Бейбітшілік қорлары Халықаралық қауымдастығы шешімімен берілген «Бітімгершілік жемісті қызметі үшін» Алтын медалінің иегері, Халықаралық Айтматов академиясының академигі, Атырау қаласының құрметті азаматы ретінде білеміз.

Рахымжан Отарбаевтың Орал педагогикалық институтының филология факультетін тәмамдағанына, әр жылдары «Қазақ әдебиеті», «Жалын» газет-журналдарындағы қызметіне, елшіліктегі ерен еңбегіне, Маңғыстау облыстық телерадиокомпаниясының басшысы, Махамбет атындағы Атырау облыстық қазақ драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігіндегі сектор меңгерушісі, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Бас директоры, «Ақ Жайық» журналының директоры – Бас редакторы қызметтеріндегі ел мерейін үстем ету жолындағы өрелі істеріне тәнтіміз.

Бүгінгі таңда жазушының қайталанбас қаламгер қалпында қасиетті қаламынан туып, әр жылдарда жарық көрген «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Отверженный мир», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер», «Біздің ауылдың амазонкалары», «Айна-ғұмыр», «Шыңғыс ханның көз жасы», «Бас», т.б. сынды прозалық, драмалық шығармаларының, публицистикалық зерттемелерінің көптің қалаулы да таңдаулы, сүйіп оқыр, сүйсініп оқыр, тамсана, таңдай қаға, тағатсыздана оқыр рухани асыл дүниелерге айналғанына, аталмыш жүрекжарды туындыларының қазақ әдебиетінің, ел мәдениетінің саф алтын қорына қосылғанына қуана қол соғамыз. Бұған қоса, Рахымжан Отарбаевтың Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және қырғыз, татар тілдерінде кітаптары жарық көрген. Жекелеген шығармалары түрік, араб, ағылшын, француз, италиян, моңғол, болгар, жаңа зеландиялықтар тілдерінде басылған. «Бейбарыс сұлтан», «Бас», «Нашақор жайлы новелла», «Нұржауған-ғұмыр», «Сырым батыр», «Мұстафа Шоқай», *«Жәңгір хан»* сынды пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

Қуанарлығы, бүгінгі таңда қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің бірі Рахымжан Отарбаев шығармашылығы ғылыми-теориялық, сыни-сараптамалық тұрғыда талдау нысанына ілігуде. Жазушы шығармашылығындағы көркем бейнелер жүйесінің түзілуіне, мифтік ұғымдардың тарихи-генетикалық құбылуына ғылыми сараптама жасалуда. Бұл бағыттағы әдеби-теориялық талдаулар нәтижесінде қаламгердің шығармашылық келбеті, шеберлік қалпы ашылуда.

Біздіңше, Рахымжан құдай ауызына сөз салған туындыгер, қазіргі қазақ әдебиетіндегі өзіндік бірегей ізі бар қаламгер. Ел арасында «Рахымжан Қошқарбаев Рейхстагқа ту тікті, ал Рахымжан Отарбаев әдебиетте ту қадады» деген әзіл бар. Құдайақы, бұл – шын сөз. Жазушы Рахымжан Отарбаев – қазіргі қазақ әдебиетіндегі санаулы сарабдал суреткерлердің алғы сапында. Бұл ретте жазушы қаламынан туған туындыларға орай берілген оң бағалар - қолдарлық. Рахымжанның шығармаларында қаншама характер, қаншама кейіпкер болса, соншама қайталанбас табиғи таңғажайып образ барлығына қуана қол соға қосыламыз. Бұл тұрғыда Рахымжан – стилист қаламгер. Өз айтуы бойынша, бір

шығармаға кіріссе, күндіз-түні байыз таппау жазушыға тән. Жазып жатқан кезде бір сөз қиыс кетіп, артық-кем соғып жатса, құдды бір кеудеге түскен жамау іспетті жан дүниесіне ауру болып жабысатындай. Сондықтан қалам иесі шығармадағы әр сөйлемінің бойынан қалыпты температурада қан жүріп тұруын, әр сөйлемінің кәдімгі өлеңнің келісті жолы сияқты болып өрілуін қалайтындай. Бұл ретте жазушы Рахымжан Отарбаев кредосы – «жазғасын соқыр көретіндей, саңырау еститіндей жазу». Бұл - өз тұсындағы ғибратты Ғабең (Ғ.Мүсірепов) қағидаты.

Асылы, адамның жан дүние құбылысының құпияларын айқара ашып, оның рухани-психологиялық сезім пернесін дөп басып, кәдімгі тіршілік көріністерін көркемдік шындық дәрежесіне көтеру кез келген талант иесінің пешенесіне жазылмаса керек-ті. Бұл тұрғыда жазушы Рахымжан Отарбаевтың сиқырлы суреткерлік сыры, көрікті көркемдік әлемі сан қырлы. Біз бұл ретте қаламгер шығармаларының көркемдік ерекшелігі ретінде жазушының бірегей стилі мен тілдік қолданыстарына, ондағы психологиялық астарлы желілерді баса айтамыз.

Зерттеушілердің талдамаларына орай таразыласақ, Рахымжан Отарбаевтың суреткер ретіндегі көркемдік әлемі өзінше бір қайталанбайтын құбылыс іспетті. Жазушы туындыларындағы эстетикалық алғы мақсатты көздей өрілген мәтіндердегі рухани қатынастардың сан-сапалы жүйесі өміри шындыққа жанасымды өрілген. Мәселен, Рахымжан Отарбаевтың «Бесқасқа беріштің хикаясы» атты повесі – қаламгер қаламынан туған бүтін бір ру белгісінің тарихын көркем шындықпен қабыстыра алған туындыгердің бірегей туындысы. Шығарма арқылы жазушының сан қатпарлы астарлы ойына, философиялық тұңғиық тереңдігіне тәнті боламыз. Туындыда жазушы келер ұрпақ қамынан, найзағайлы намыс отынан, кіршіксіз пәк перзенттік сағыныштан, кәдімгі аппақ адами махаббаттан туындар ауадай қажетті шешімдер сериалын ұсынғандай. Шығарма оқиғалары арқылы суреткердің қиял әлемінің жүйріктігін, нақты өмірді жарқын жүрекпен, көкірек көзімен түйсіне қабылдайтынын айқын аңғарамыз. Нәтижеде жазушы Рахымжан Отарбаев табиғатқа жалаң қалыпта еліктемейді, бұған қоса жалпы жалғанның заңдылығы туралы қорытылған өзіндік ортақ көркем тұжырым жасайды. Қаламгер Рахымжан Отарбаев қилы қалтарысты өмір құбылыстарына әр алуан тағдыр жүйесі арқылы баға береді, сан тараулы оқиғалар арқылы ой-тұжырым түйіндеуге жетелейді, шығармадағы әр эпизодты көркемдік сүзгіден өткізе келе, оқырманның белгілі бір өзіндік көзқарасын қалыптастырады. Демек, Рахымжан Отарбаевтың суреткерлік сыры да, көркемдік әлемі де - жазушы танымындағы қоғамдық сана келбетіндегі өмір суреті.

Жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Шыңғыс ханның көз жасы» повесі – қалыбы бөлек, жаңаша құрылымды, сөз саптауы ерекше, стилі сарабдал, ой өрілімі тұңғиық, көркемдік-талғамдық құны орасан зор, сан тараулы өзекті оқиғалы, тың ізденісті толғаудан туған, сапалық деңгейі, эпикалық мүмкіндігі тыңнан өрілген қазіргі қазақ прозасының озық үлгісі, шыңы іспетті туынды. Мазмұндық, пішіндік, стильдік салмағы дара туынды Рахымжан Отарбаевтың тегеурінді талант иесі екендігін жаңа қырынан танытады.

Туындыгер Рахымжан Отарбаевтың аталмыш романтикалық туындысы – қаламгерді қара сөзден каймақ қалқыған шешен, қара сөзбен жырлап, жүректерге жол табатын көсем, таңғажайып сырлы суреткер тұрғысында танытқан шығарма.

Аталған повестің оқиға желісіне өзек болған халық жадындағы аңыз оқиғалар қаламгер қолданысында мүлде жаңа қырынан қырлана танылып, басқаша бағытта таразыланады. Мәселен, шығармада жазушы Жошының өлімі туралы тарихи дерек пен аңыздардың бір шоғырын оқиғаға өзек қыла келе, ел аузындағы «ақсақ құлан» тіркесін «Асқақ Құлан» қалпында өзгертеді. Бұл тұста халықтық дастан-жырлар мен аңыздарды саралай келе, Жошы өліміне себепкер Қыпшақтан шыққан Асқақ Құлан есімді батыр екенін тұспалдайды. Ал туындыдағы Асқақ Құлан – бұрынғы-соңды қазақ прозасында ұшыраспаған тың образ. Аңызға имандай сенгіш бұқара халық Асқақ Құлан бейнесін жылдарды араға салып «ақсақ құланға» айналдырып алғаны ойға оралады. Бұл тұста да Рахымжан Отарбаевтың халық жазушысы ретіндегі ұлт мерейін асқақтатар алғы межесі айқын танылады.

Шығармада елдің көз жасынан сығып алынған бір кездегі ас та төк байлық жоқтық таптаған тұста көрген тырнақтай жақсылыққа татымайтыны айтылады, жарты әлемді билеген Ұлы қаһанның да жерді басқан екі аяқты пенде екені, оның да Көк Тәңір пешенесіне бұйыртқан жазмыш заңынан оза алмайтыны таразыланады.

Қысқасы, «Шыңғыс ханның көз жасы» – жазушының қиялы мен танымының кеңдігінің айдай айқын дәлелі болар көркем шығармасы. Туындыда белгілі бір тарихи кезең оқиғасы назарға ұсталғанмен, жазушы бүгінгі адамзат қоғамына тән көкейтесті мәселелерді нысана тұтады. Халық жадындағы Шыңғыс хан туралы аңыздар мен тарихи шындықты негізге ала тұра, оны мүлде өзге арнада дамыту, адамзаттық, ұлттық мұраттарды биік көркемдік деңгейде таныту – Рахымжан Отарбаевтың суреткерлік биік саналығын, жазушылық зор қарымын, қалам қуатының кемелділігін айғақтаса керек-ті.

Жалпы жазушы Рахымжан Отарбаевтың қаламынан туған қай дүниесін де қалай-солай, мимырт, тып-тыныш қалыпта оқу мүмкін емес. Қаламгер туындысының қай-қайсысы да оқырманын бір қызартып, бір бозартып, сан алуан күйге түсірері даусыз *(«Актриса», «Нобельден қалған мұра», «Американың ұлттық байлығы», т.б.).* Сенбесеңіз, оқып көріңіз!

Жазушы Рахымжан Отарбаев сөздің киесіне бас ие тағызым етеді. «Сөздің киесінен қорқу керек, қалай-солай пайдалануға болмайды. Сөз – магия, содан қорықпай жазатындарға таңғалам» дегені бар. Қысқасы, жазушы әрбір туындысына «бұл сөз – менің жаным дегейсің, бұл кітап – менің тәнім дегейсің» тұрғысында сөзге аса құрметпен қарайды. Жазушы Рахымжан Отарбаевқа сүйенсек, «дүниенің бастауында сөз тұр, басқа еш нәрсе тұрған жоқ. Дүниені құрайтын да – сөз, тас-талқан қылып бүлдіретін де – сөз». Демек, Рахымжан Отарбаев – ауызы дуалы сөз иесі, сөз құдіретін күллі ұлт оқырманына танытушы.

Бүгінде Рахымжан Отарбаевтың кеудесін кере дүниеге келіп, ел ризығына айналған алтын туындыларына берілген баға да жоғары болуы күмән тудырмаса керек-ті. Әлемге әйгілі Шыңғыс Айтматов айтады: «Рахымжан – интеллектуалды қазақ прозасының XXI ғасырдағы озық өкілі» деп. Абыз Әбдіжәміл Нұрпейісов айтады: «Рахымжанның әр жазғаны жүрекке жабар шындық» деп. Ғибраты мол дүлдүл ақын Ғабу Қайырбеков айтады: «Рахымжанның әр сөйлемінің өзі сұңқардай самғап тұрады» деп. Қазіргі қазақ прозасының шашасына шаң жұқтырмас жүйрігі Дулат Исабеков айтады: «Рахымжанның шығармаларында қаншама кейіпкер болса, соншама қайталанбас ғажайып образ бар» деп. Сарабдал қаламгер Смағұл Елубаев айтады: «Қазақ әдебиетінде Мүсіреповтың жолын жалғастырған бірден-бір жазушы – Рахымжан Отарбаев» деп. Ел игілігі үшін жаралған, қыран сынды Шаханов Мұхтар ақын айтады: «Рахымжан, дархан дарыным, Атыраудай ерке арыным. Бірге өткен асау жылдарда, Рухыңның күшін таныдым» деп. Бір ғажабы – көңіл қуантуға тамызық болар бұ бағыттағы ойларды соза беруге болатындығы.

Сөз соңында қаламгер ағамызға айтарымыз, дана халқымыз: «Алпыс – талтүс», - демей ме. Бүгінгі қазақ әдебиетін сапалық тың белестерге шығарған ұлылардың ізін басқан буынның арасындағы кең тынысты, қолтаңбасы ерекше қаламгер ретінде шоқтығыңыз биіктей бергей! Шығармашылық жолында тереңдік пен биіктікті мұрат тұтқан текті сөздің зергері тұрғысында бергеніңізден берерііңіз мол болғай! Осы жолда Құдайым сізге қуат күшін еселей түскей! Дер шағыңыз алпысты шын мәнінде тал түстей көргейсіз, мер шағыңыз жетпісті желкелей мініп, желіп өткейсіз, жер шағыңыз сексенде сезіміңізге селкеу түспей, шер шағыңыз тоқсанға тоқталмастан, жүзге жетіп, аржағын өзіңіз білгейсіз!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
«Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик

ТАЛАНТҚА ТАҒЫЗЫМ

Жерлес жазушы-драматург Рахымжан Отарбаев кезекті бір сұхбатында: "Бала кезімнен қиындық көп көрген соң, мына тасбауыр тірліктен безініп, қиялымнан ғажайып арал жасап алып, сонда ойша әсем ғұмыр кешетінмін. Қазір жасым ғасыр жартысынан асса да, сол ғажайып аралыма әлі күнге ойша жиі барып тұрамын", - деген-ді. Мен де жазушы ағаның жалғыз аралына балғын жүрегіммен бойлап, жанымнан жыр өрдім...

Жалғыз арал

Батып күнімен, татса да таңғы самалын,
Қаусыра қойып жанының қан жылағанын.
Қиял шегімен құраған қажыры қайтса,
Жастана қалар жасын ұл жалғыз аралын.

Жалғыз аралын жастанар сезім көгінде,
Тағаты тынып тізерлер төзімге мүлде.
Байламы тіптен белгісіз бағасы бақыр,
Тасбауыр мына тірліктен безінгенінде.

Жәутеңдеп жасы жиылған айға жанары,
Табаны тозған тағдырда тайғанамалы.
Жұлымы шыққан жүрегін Қиғашына кеп,
Шарасыздықтан шыныдай шайқап алады.

Шамалай алмас шағында неге шанарын,
Көңіліне де кірместен келесі амалы.
Езілгенінде елжіреп елегзиді ме,
Ертелеу демі үзілген елесі ананың.

Көтеріп күйген кеудесін ағындар алып,
Бауырға басып бағалы шағын балалық.
Талай ғасырлар тарихын томсара бүккен,
Назын төгеді наркескен Нарынға барып.

Кеткенде көзі көргені түнере түгел,
Сүйгендей күні төгілген нұр етегінен.
Ақша бұлт Әбу айқара ашып құшағын,
Жымиып жұмсақ жүздесер Жұмекенімен.

Көкірегіне қонып ап күй тасқыны да,
Сілкіне түсер ішіне сыймас мұңынан.
Алайда, әттең күйбеңі толы тіршілік,
Қайтарып алар қарамай қимастығына.

Қарсы тұрарлық не қайрат қатал заңына,
Қиянат қандай - дақ түссе ақ арманыңа.
Қалайша жалғыз жасырын ғұмыр кешпейсің,
Жетімсіп қалса жүрегің жаһанда мына?!

...Батып күнімен, тататын таңғы самалын,
Қаусыра қойып жанының қан жылағанын.
Жұмыла неге шынайы жастанбайды екен,
Жұмыр бастылар жұпарлы жалғыз аралын?!

Еһ, шіркін!..

Еркеназ ҚАЛИЖАН,
филология факультетінің I курс студенті
(«Филология: қазақ тілі» мамандығы)

«Махамбет дауысы» («Голос Махамбета» - «***Makhambet's voice***») жаршысының жауапты редакторы - Нәзік Ғазез, *(«ФҚТ», 02405-топ), тілшісі* – Зарина Рахметова *(«ФҚТ», 02405-топ).* Кеңесшісі – А.С.Қыдыршаев, «Махамбет» ГЗИ директоры

«Талант -2016» - жастардың намысын жандандырар фестивалі!

Тұлпарлардың тұяғы ойып өткен жазық даламызда әнімен әлемді тербетіп, жырын жырлаған, қоңыр үнді домбыраның шегі үзіліп, шері тарқағанша шабытына шекара қоя алмай, жұдырықтай жүрегіне сырлы ойдың сазы құйылғанда: «Қазақ деген неткен ғажап халық еді!» - деп таңдай қақтыратын ірі дарабоздарымыздың келешек ұрпағында таудай таланттың тамшыдай үлесі қалай болмасын?! Мәдениетіміз бен әдебиетіміздің бұлағы сонау алыптарымыздан бастау алса, бүгінде ізін жалғар жастарымыздың талабы өзгеден қалыс қалмақ емес. Өнер мен білімді қатар алып жүру жүктелген XXI ғасырдың талабына сай келер маман даярлауды мақсат етіп қойған университетіміздің ғасырлық тарихы бола қоймаса да, күллі жұрт мойындаған алыптардың мекеніне айналған қара шаңырақ екені – мақтанарлық жай. Өнер мен өмірдің қиындықтарына бірге үйретер студенттік кездің алғашқы жылдарын өткеріп жатқан танылмаған таланттардың бейімділіктерін шыңдауға көмектесіп, алға жетелеу мақсатында көптеген шаралардың бастамасы болар - «Талант-2016» байқауы 17-18 қарашада жоспарлы түрде сәтті іске асты.

Тәуелсіздік туы желбірегеніне 25 жыл толуы да «Мәдениет және өнер» факультетінде дәстүрлі түрде оздырылатын фестивальдің тақырыбына сәйкестендірілді. Көп талап пен күш-жігерді қажет еткен шектеулі уақытта студенттердің жоғары деңгейде жұмыстанғаны қазылар алқасының да көңілінен шықты. 17 номинация бойынша бақтарын сынаған қатысушы студенттер бір-бірінен асып түспесе, қалыс қалмаған аламан бәйгеге куә болдық. Жүйріктердің қатарынан табылған көшбасшылар - университетіміздің жаңадан жағылған шырағы тәрізденді. Бүгіннің жаңалығы - ертеңгі үміттеріміз атанған бірқатар студенттер сол өнерлерін тастамасына сеніммен қарай отыра, биылғы «Талант» фестивалінің жеңімпаздары: үздік әнші номинациясы бойынша –Битимова Мадина, үздік дәстүрлі орындаушы - Таңатаров Данияр, үздік би ұжымы - II топ, көркемсөз шебері - Есетова Ақмоншақ, үздік жүргізуші - Гумарова Зарина, Садиков Нұрсұлтан, үздік қойылым- I топ, жас ақын -Заур Құрманай, үздік мақала –Қуанышқали Гүлайым, ерекше жанр - Нұрболатов Нұрдәулет,үздік жайдарман - I топ: «Өзіміз үшін» жайдарман тобы, сахналық безендіру - II топ, body-art – Утемисов Темирлан,үздік сән үлгі - Адильханова Аида, көрермен көз айымы – Сүлеймен Ерболат, Ермекқали Ырысбек, үздік сценарий – I топ ұжымы, үздік тәлімгер - Қуандық Камила, «Талант -2016» II топ ұжымы деп таныды.

Фестивальдан үміт пен сенімнің жүгін арқалаған ертеңгі тәлімгерлер суырылып шықты десек те болады. Шығармашылық шабыттың көрінісі болған биылғы «Талант» алдағы жылы да жалғасын таппақ. Өнер ордасын киелі мекенге айналдырмақ сіз бен біздің талантымыз сөнбей, жалындай берсін дей келе, «Талант-2017» үміткерлерінен қайталанбаған ұшқыр қиялдың ұшқұнын көре жатармыз деген зор үмітпен болашақ бірінші курс студенттеріне біздің факультетіміздің есігі айқара ашық.

Гүлайым ҚУАНЫШҚАЛИ,
ИИЧ-11тобының 1-курс студенті

7-8 ноября в СК «Орал» и бассейне «Жайық самалы» прошла Спартакиада среди студентов высших учебных заведений, посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан.

Победители – студенты ЗКГУ!

В спартакиаде приняли участие 116 студентов из четырех вузов ЗКО. Одними из самых активных и успешных участников стали студенты ЗКГУ им. М.Утемисова, показавшие спортивный характер и стремление к победе. По результатам соревнований наши студенты заняли следующие призовые места:

Плавание
I место - Диас Саматов
II место - Анастасия Кучкина

Волейбол
III место – команда (Ақнұр Жайымқұлова, Руфина Муртазина, Аида Асқар, Жанқабыл Қуанғалиев, Ринат Валеев, Антон Савинов.

Қазақ күресі
II место - Нұрымжан Габбасов (+70 кг)

Тоғызқұмалақ
II место - Айсара Толебай
II место - Қуат Естуров

Мини футбол
I место - команда (Арыстан Култаев, Жамбыл Кусбеков, Айболат Кубашов, Дархан Залмуханов, Али Орнау)

Асық ату
I место - команда
IV место - перетягование каната.

По результатам соревнований спортсмены ЗКГУ заняли I ощекомандное место.

ХИМИЯЛЫҚ КӨҢІЛДІ МЕРЕКЕЛІК КЕШ

Қазанның 31 жұлдызында факултетімізде өткізілген шара апталықтың тақырыбы мен тығыз байланысты. Көп тілде жүргізілген конференциялар, аса қадірлі қонақтар мен кездесу осы өткізілген шаралар болашағы жарқын студенттер үшін таптырмайтын мүмкіндік айнасы деп білеміз. Осы апталық аясында әр кафедра жеке бағыттары бойынша жұмыла атсалысты. Сол секілді химия кафедрасының өткізген химиялық көңілді мерекелік кеш атты концерттік бағдарламасын құрметті қонақтар мен оқытушылар құрамдары тамашалады.

Бұл кештің басты ерекшелігі апталыққа сәйкес үш тілде жүргізілуінде болды. Кеш жүргізушілері I курс магистранты Жұмақан Мұхтар, III курс студенттері Қошан Гүлдана, Утепкалиев Думан болды.

Кеш кафедра тарихының үш тілде қысқаша шолуымен басталды. Қызықты химиялық кештің сәнін әрлей түскен химия, биология студенттерінің қойған химиялық пантомима көрінісі ортаны жандырып, мамандыққа деген қызығушылықты толық көрсете әрі жеткізе білді. Бұл керемет көңілді кешті тамашалап, бағасын беру үшін факультет деканының орынбасары Айманова Е.Е. қонақта болды.

Америка Мисисипи штатыннан келген аса қадірілі қонағымыз Ловеста мерекелік кештің шырайын ашып, залдағы студенттерімізді белсенді болуға шақыра біліп, мерекелік шара жөнінде өз ойын білдірді. Одан кейін химия мамандығының III курс студенттері Қошан.Г, Ирзабекова.М ортада көрермендерді таңғалдырар қызықты түрлі химиялық эксперименттер көрсетті .

Залдағы көрермендермен химия ғажайыптары жайлы бірнеше тартысты ойындар жүргізілді. Тек қана ғылым мен білімді саралап қана қоймай, көңілді көтеретін үш тілді ән мен би де назардан тыс қалмады. Әр белсенді қатысқан студенттер мен қонақтарға сыйлықтар беріліп, үздіктері түрлі номинация бойынша дипломмен марапатталды. Бір сөзбен айтқанда, тақырыбына сәйкес ой мен мән толықтай ашыла білді. Бұл шараны химия кафедрасының оқытушысы, білікті маман Мукашева Маншук пен I курс магистранты Жұматов Мұхтар, III курс студенті Қошан Гүлдана ұйымдастырған болатын.

Гүлдана ҚОШАН,
химия мамандығының 3-курс студенті

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.
Таралымы 800.

РЕДАКТОР:
Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА
ТІЛШІЛЕР:
Аксана ЖҰМАБАЕВА, Айша КЕМЕШОВА
Корректор: Ақзия Адиловна НИЯЗГАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
Асель АБДУЛЛИНА
ФОТОСУРЕТ:
Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.:50-41-46

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Достық даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www. wksu.kz, e-mail: orken@wksu.kz